The National Academy of Sciences under the President of the Republic of Kazakhstan operates in the Republic of Kazakhstan, as well as a number of industry academies. However, there is still no Academy of Police Sciences - an independent scientific community of current and retired police officers who could direct and coordinate research in the field of law enforcement. Mean while, similar academies and associations exist in other fields. For example, the Academy of Military Sciences was created as a public association and actively participates in scientific and practical initiatives: on its initiative, meetings are held with the participation of representatives of law enforcement agencies and the defense industry to consider scientific projects. The creation of the Academy of Police Sciences in Kazakhstan would allow consolidating the scientific potential in the field of law enforcement and directing it to solve the practical problems of the Ministry of Internal Affairs. Below are the goals and anticipated benefits of establishing such an Academy, as well as an overview of foreign experience in the field.

Key words: *police science, Academy of Police Sciences, international experience, police, criminology, scientific support of police activities, police training, evidence-based policing, law enforcement, police research institutes, management of internal affairs bodies.*

Введение

Основная цель создания Академии полицейских наук – повышение научного уровня деятельности органов внутренних дел посредством координации исследований и внедрения передовых достижений науки в практику полиции. Академия, могла бы объединить экспертов – учёных, практиков полиции и ветеранов службы – для решения ряда задач.

Прежде всего, она должна осуществлять научное обеспечение реформ МВД и деятельности полиции. Академия разрабатывала бы научно обоснованные рекомендации и предложения по совершенствованию работы органов внутренних дел. Это включает оптимизацию управленческих процессов, улучшение следственной и оперативной работы, профилактику правонарушений и другие направления. Например, Научно-исследовательский институт при Академии управления МВД Республики Казахстан уже сейчас выполняет функции научного сопровождения реформирования системы органов внутренних дел и выступает связующим звеном между теорией и практикой, внедряя передовые разработки и методики в деятельность полиции [1]. Новая Академия могла бы на более широком уровне обеспечивать такие функции для всего МВД.

Кроме того, Академия станет центром генерации знаний по проблемам правопорядка и подготовки научных кадров. Она могла бы устанавливать приоритетные направления исследований, развивать систему подготовки и аттестации научных и педагогических кадров МВД. Опыт зарубежных коллег показывает важность опоры на доказательные исследования: например, профессиональный орган полиции Великобритании – Коллегия полиции – ставит целью обеспечивать сотрудников необходимыми знаниями и навыками для предупреждения преступности, защиты общества и укрепления доверия. Эта организация развивает инфраструктуру исследований и внедряет принципы «evidence-based policing» – полиции, опирающейся на доказательства науки, а не только на традиции [2]. Аналогичным образом, казахстанская Академия полицейских наук могла бы внедрять стандарты и образовательные программы, основанные на лучших научных данных и мировой практике.

Методы исследования в статье применены сравнительно-правовой и аналитический методы для изучения международного опыта организации полицейской науки и обоснования необходимости создания Академии полицейских наук в Казахстане. Также использованы обобщение, систематизация и прогнозирование для формулирования выводов и предложений.

Основная часть

Важной задачей станет координация научной деятельности и определение приоритетов исследований. Благодаря объединению в академию учёные-полицейские смогут коллегиально определять актуальные направления научных исследований для нужд правоохранительных органов. Это обеспечит концентрацию ресурсов на наиболее острых проблемах борьбы с

преступностью. Академия могла бы проводить экспертизу инициатив и проектов, давать научное обоснование новым законам и реформам в сфере правопорядка. Так, НИИ МВД при Академии управления уже занимается научной экспертизой законодательных инициатив в области уголовной политики. Объединённая Академия могла бы расширить эту работу, привлекая вневедомственных экспертов и обобщая лучший отечественный и зарубежный опыт.

Не менее значимой является функция становления моста между наукой и практикой. Важнейшая задача Академии – внедрение результатов исследований в практическую деятельность полиции. Она должна создавать условия для апробации и внедрения новых методик, технологий и стандартов в работу органов внутренних дел [1]. Это может выражаться в проведении пилотных проектов в подразделениях полиции, издании наставлений и рекомендаций для практиков, организации семинаров и тренингов. Благодаря этому МВД сможет оперативно пользоваться достижениями науки – от аналитических инструментов *(например: системы прогнозирования преступности)* до современных методов работы с населением.

Кроме того, создание Академии полицейских наук обосновано необходимостью повышения статуса и качества полицейской науки. Академия будет присуждать научные звания, учреждать премии за лучшие исследования, издавать собственный научный журнал. Она сможет консолидировать разбросанные сейчас усилия учёных (в вузах МВД, НИИ, подразделениях) под единым брендом. В перспективе это приведёт к появлению научной школы казахстанской полиции, узнаваемой и на международном уровне.

Таким образом, создание Академии полицейских наук принесло бы прямую пользу как системе МВД, так и развитию науки о правопорядке в Казахстане. Опираясь на науку, полиция сможет эффективнее решать комплексные проблемы обеспечения общественной безопасности.

При разработке концепции казахстанской Академии полицейских наук полезно учесть успешный опыт других стран и международных организаций. Ниже рассмотрены некоторые примеры.

В США деятельность по развитию полицейской науки осуществляется в основном профессиональными ассоциациями и фондами. Интересно отметить, что ещё в середине XX века в Нью-Йорке существовала организация с названием Академия полицейских наук **(Academy of Police Sciences).** В 1974 году она объединилась с другой профессиональной ассоциацией, и на их базе была создана Американская академия профессионального правоохранения **(American Academy for Professional Law Enforcement, AAPLE)** [3]. Эта организация объединяет представителей полиции разных уровней, частного сектора и научных кругов, предоставляя форум для обсуждения проблем правопорядка и повышения профессионализма. Факт существования в США Academy of Police Sciences свидетельствует, что идея объединения полицейских-учёных реализуется и в западных странах, хотя чаще в формате ассоциаций.

В современном США примером независимого научного центра в области полиции является Национальный полицейский фонд **(National Police Foundation, ныне National Policing Institute)** – некоммерческий think-tank, который с 1970-х годов проводит прикладные исследования для повышения эффективности полиции [4]. Кроме того, ключевую роль играет Международная ассоциация начальников полиции **(International Association of Chiefs of Police, IACP)** – крупнейшее профессиональное объединение руководителей полиции, имеющее собственный Научно-исследовательский центр. Эти структуры проводят исследования в области предотвращения преступлений, обучают лидеров полиции, продвигают принципы evidence-based policing [5].

Опыт США показывает важность того, чтобы полицейская наука развивалась во взаимодействии с практиками и вне рамок только государственных учебных заведений. Создание общественной Академии полицейских наук в Казахстане могло бы аналогично объединить экспертов разных организаций на единой платформе для обмена знаниями и выработки стандартов.

В Европе вопросам подготовки и исследований для полиции уделяется значительное внимание на наднациональном уровне. С 2000 года в ЕС действует Европейский колледж полиции (CEPOL) – ныне Европейское агентство по подготовке сотрудников правоохранительных органов. CEPOL связывает между собой национальные полицейские академии стран ЕС, проводит обмен образовательными программами и координирует научно-исследовательскую работу в сфере обеспечения правопорядка [6]. В мандат CEPOL прямо входит развитие исследований и науки о правоохранительной деятельности, что отражено, например, в организации ежегодных научных конференций и публикации специального журнала. Так, CEPOL выпускает Европейский бюллетень полицейской науки и исследований – рецензируемый электронный журнал, издаваемый рабочей группой CEPOL для распространения результатов исследований и лучшей практики среди полиции Европы [7].

Также следует отметить опыт отдельных европейских стран. В Великобритании создана независимая Коллегия полиции **(College of Policing)** – профессиональный орган, отвечающий за стандарты подготовки и развитие знаний в полиции. Она не только определяет обучающие программы, но и ведёт активную исследовательскую деятельность, формируя банк данных о том, «что работает» в борьбе с преступностью на основе лучших научных исследований [8]. Коллегия публикует руководства для полицейских сил, основанные на доказательных подходах, и фактически выполняет роль научно-методического центра для полиции страны. Данный опыт может быть полезен Казахстану: академия в формате общественной организации могла бы аналогично аккумулировать знания и устанавливать стандарты, не будучи напрямую частью госаппарата, но тесно сотрудничая с МВД.

В континентальной Европе традиционно существуют национальные полицейские академии – в первую очередь как высшие учебные заведения для подготовки офицеров. Однако многие из них также выполняют функции научных институтов. Например, Немецкий университет полиции **(Deutsche Hochschule der Polizei, DHPol) в** Мюнстере занимается исследовательскими проектами в области криминологии, криминалистики, управления полицией, одновременно обучая руководящий состав [9]. Во Франции Национальная высшая школа полиции **(École Nationale Supérieure de la Police, ENSP)** помимо обучения офицеров проводит исследования в области криминологии и публикует научный журнал **Revue de la** sécurité intérieure [10]. Эти примеры показывают, что интеграция образования и науки – необходимое условие развития эффективной полиции.

Отдельно стоит упомянуть международные профессиональные объединения. В 2013 году была учреждена Международная ассоциация полицейской науки **(International Police Science Association, IPSA)** – глобальная некоммерческая организация, цель которой содействовать развитию полицейской науки и совершенствованию полицейской практики по всему миру [11]. IPSA проводит конференции, способствует обмену опытом и лучшими наработками между странами. Наличие такой ассоциации свидетельствует о формировании международного сообщества полицейских учёных, к которому могла бы подключиться и будущая казахстанская Академия.

Опыт Японии интересен сочетанием передовых научных исследований с практической подготовкой полицейских кадров. Управление полицией там централизовано через Национальное полицейское агентство (National Police Agency, NPA), при котором действуют специализированные учреждения.

Во-первых, это **Национальная полицейская академия Японии (National Police Academy),** где проходят подготовку высшие офицеры полиции [12]. Академия не только обучает руководителей, но и выполняет роль исследовательского центра: в её структуре имеются исследовательские подразделения по политике полиции, международному сотрудничеству в борьбе с преступностью, информационным технологиям и др.

Во-вторых, при NPA создан Национальный научно-исследовательский институт полиции **(National Research Institute of Police Science, NRIPS).** Его задача – проводить прикладные исследования в интересах полиции, в том числе по криминалистике, предотвращению преступлений, безопасности дорожного движения и другим направлениям [13]. Например, токийский институт NRIPS разрабатывает стандарты для региональных криминалистических лабораторий и обучает их персонал, исследует причины ювенильной преступности, тестирует новые технологии для раскрытия преступлений [13].

Японская модель демонстрирует, насколько важно научное обеспечение полиции. Благодаря наличию собственной академии и исследовательского института, полиция Японии внедряет новейшие достижения – будь то методы

расследования (например, полиграф с тестом скрытой информации, который широко применяется именно в Японии) или системы мониторинга дорожной обстановки. Для Казахстана этот опыт ценен тем, что показывает: академия полицейских наук может успешно сочетать функции учебного центра и научно-исследовательского учреждения. В наших условиях создание отдельной Академии позволило бы аккумулировать научную работу, которая сейчас ведётся в разрозненных структурах (академиях МВД, НИИ, вузах), и направить её на приоритетные задачи МВД.

В ряде других стран также предпринимались попытки создать структуры, аналогичные Академии полицейских наук. В государствах постсоветского пространства отдельной академии-объединения учёных полиции пока нет, однако научные исследования ведутся внутри ведомственных вузов МВД и Академий внутренних дел.

Например, в России при Министерстве внутренних дел действуют собственные научно-исследовательские институты, в том числе Всероссийский научно-исследовательский институт МВД России (ВНИИ МВД) [14], а также Академия управления МВД России, выполняющая роль головного учебно-научного центра для подготовки руководителей полиции [15].

Вместе с тем, существует Академия военных наук Российской Федерации как общественная организация, и высказываются идеи о создании аналогичного независимого академического сообщества для полиции [16].

Показателен пример Мозамбика – страны, которая при поддержке международного сообщества сделала ставку на развитие полицейского образования и науки. В 1999 году правительством Мозамбика декретом была создана Академия полицейских наук (Academia de Ciências Policiais, ACIPOL) как высшее учебное заведение для подготовки офицеров полиции [18]. Проект финансировался при содействии Европейского союза и правительства Испании, что позволило создать современную базу для обучения и исследований в области правоохранения [17]. Сегодня ACIPOL предлагает программы бакалавриата и магистратуры в области полицейских наук, издаёт научный журнал, выполняет исследования по вопросам общественной безопасности. Пример Мозамбика показывает, что даже в развивающихся странах признана необходимость научного подхода к деятельности полиции и создания специальных академических институтов для этой цели.

Также можно упомянуть опыт стран Персидского залива. В Объединённых Арабских Эмиратах в эмирате Шарджа действует Академия полицейских наук Шарджи – современное высшее учебное заведение, обеспечивающее подготовку кадров полиции и научные исследования в сфере безопасности [18]. В этой академии присваиваются академические степени в области полицейских наук, она проводит научно-практические конференции и даже учреждает премии за лучшие исследования в области полиции [19]. Руководство страны активно поддерживает развитие Академии, создавая советы попечителей и стимулируя исследовательскую активность. Этот

пример демонстрирует, как региональная инициатива может перерасти в центр передового опыта в полицейской науке, влияющий на практику работы полиции.

Заключение

Обобщая зарубежный опыт, можно заключить, что формирование сообщества полицейских учёных – тенденция, присутствующая во многих странах. Где-то это оформлено как профессиональные общества (США, Великобритания), где-то как ведомственные институты (Япония, Германия), а где-то как полноценные академии (Шарджа, Мозамбик). Для Казахстана оптимальной может стать модель самостоятельной Академии полицейских наук в статусе общественного объединения при поддержке государства, которая вобрала бы лучшие элементы иностранных практик (как научная автономия, тесная связь с МВД, международное сотрудничество).

Создание Академии полицейских наук в Казахстане – своевременная и перспективная инициатива, способная вывести на новый уровень как научные исследования в сфере правопорядка, так и практику работы органов внутренних дел. Опираясь на лучшие зарубежные примеры (Евросоюз, Япония, США и др.), Казахстан может сформировать уникальную модель общественной академии, интегрированной в систему обеспечения безопасности. Такая Академия стала бы центром притяжения для экспертов, лабораторией идей для МВД и гарантом того, что политика в сфере борьбы с преступностью опирается на науку и прогрессивный опыт. В итоге выиграют все – МВД получит эффективные инструменты и прогнозы, учёные-полицейские реализуют свой потенциал, а общество – более профессиональную и прозрачно действующую полицию.

Список использованных источников

1. Академия управления МВД Республики Казахстан. Электронный ресурс. URL: http://amvd.citorleu.kz (дата обращения: 10.07.2025).
2. Коллегия полиции Великобритании. Электронный ресурс. URL: https://www.college.police.uk (дата обращения: 10.07.2025).
3. Американская академия профессионального правоохранения (AAPLE). Электронный ресурс. URL: https://aaple.org (дата обращения: 10.07.2025).
4. Национальный институт полицейской деятельности (США). Электронный ресурс. URL: https://www.policinginstitute.org (дата обращения: 10.07.2025).
5. Национальный институт полицейской деятельности (США). Evidence-Based Policing. Электронный ресурс. URL: https://www.policinginstitute.org/publication/evidence-based-policing/ (дата обращения: 10.07.2025).
6. Википедия. Электронный ресурс. URL: https://en.wikipedia.org (дата обращения: 10.07.2025).
7. Index Copernicus Journals. Электронный ресурс. URL: https://journals.indexcopernicus.com (дата обращения: 10.07.2025).
8. Парламент Великобритании. Электронный ресурс. URL: https://committees.parliament.uk (дата обращения: 10.07.2025).
9. Немецкий университет полиции. Электронный ресурс. URL: https://www.dhpol.de (дата обращения: 10.07.2025).

10. Национальная высшая школа полиции Франции (ENSP). Электронный ресурс. URL: https://www.ensp.interieur.gouv.fr (дата обращения: 10.07.2025).
11. Международная ассоциация полицейской науки (IPSA). Электронный ресурс. URL: https://ipsa-police.org (дата обращения: 10.07.2025).
12. Национальное полицейское агентство Японии. Электронный ресурс. URL: https://www.npa.go.jp/english/index.html (дата обращения: 10.07.2025).
13. Национальный научно-исследовательский институт полицейских наук Японии (NRIPS). Электронный ресурс. URL: https://www.npa.go.jp/english/nrips.html (дата обращения: 10.07.2025).
14. Всероссийский научно-исследовательский институт МВД России. Электронный ресурс. URL: https://xn--b1aew.xn--p1ai/Deljatelnost/nauka/vnii (дата обращения: 10.07.2025).
15. Академия управления МВД России. Электронный ресурс. URL: https://xn--b1aew.xn--p1ai/Deljatelnost/obrazovanie/au-mvd-rossii (дата обращения: 10.07.2025).
16. Академия военных наук Российской Федерации. Электронный ресурс. URL: http://avnrf.ru (дата обращения: 10.07.2025).
17. Reverso Context. Электронный ресурс. URL: https://context.reverso.net (дата обращения: 10.07.2025).
18. University City (Объединённые Арабские Эмираты). Электронный ресурс. URL: https://universitycity.gov.ae (дата обращения: 10.07.2025).
19. Emirates News Agency (WAM). Электронный ресурс. URL: https://wam.ae (дата обращения: 10.07.2025).

Сведения об авторах

Жолжаксынов Жандос Бахтыбаевич *— начальник кафедры Административно-правовых дисциплин Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова, доктор философии (PhD), ассоциированный профессор, майор полиции.*

Жолжаксынов Жандос Бахтыбаевич *— Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасының бастығы, (PhD) философия докторы, қауымдастырылған профессор, полиция майоры.*

Zholzhaksynov Zhandos Bakhtybaevich — *head of the department of Administrative and legal disciplines of the Karaganda Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after Barimbek Beisenov, doctor of philosophy (PhD), associate professor, police major.*

Хакимов Ержан Маратович — *заместитель начальника Научно-исследовательского института Академии управления МВД Республики Казахстан, доктор философии (PhD), подполковник полиции.*

Хакимов Ержан Маратович — *Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясының Ғылыми-зерттеу академиясы бастығының орынбасары, (PhD) философия докторы, полиции подполковнигі.*

Khakimov Yerzhan Maratovich — *deputy Head of the Research Institute of the Academy of Management of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, doctor of Philosophy (PhD), police lieutenant colonel.*

ҚУАНЫШБЕККЫЗЫ Г.
ҚАЛҚАМАНҰЛЫ Д.
Қазақстан Республикасы ІІМ
Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы
Қостанай қаласы, Қазақстан

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ ТАЛДАУЫ

Бұл мақалада халықаралық тәжірибеде тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресу шараларына салыстырмалы талдау жүргізілді. Мәселенің жаһандық сипаты анықталып, оның әлеуметтік тұрақтылық пен құқықтық реттеу жүйесіне әсері қарастырылды. АҚШ, Швеция және Ұлыбританиядағы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы тиімді құқықтық және институционалдық тетіктер зерттелді. Аталған елдерде қабылданған заңнамалық шаралар мен алдын алу стратегияларының тиімділігі талданды. Зорлық-зомбылықтың барлық кезеңдерінде оған қарсы әрекет ету жолдары қарастырылып, құқық қорғау, психологиялық және медициналық қызметтердің үйлесімді жұмысы зерттелді.

Бұл мақалада отбасы мен тұрмыстық қатынастардағы зорлық-зомбылық мәселесі жан-жақты қарастырылады. Автордың пайымдауынша, бұл мәселе кешенді сипатқа ие болып, оны шешу үшін психологиялық және құқықтық механизмдерді үйлесімді қолдану қажет.

Зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында тиімді шараларды әзірлеу мүмкіндігі талданады. Бұл шараларға қылмыстық-құқықтық реттеу тетіктерімен қатар, әлеуметтік-психологиялық бейімдеу шаралары да енгізілуі тиіс. Алайда, мұндай шараларды жүйелі түрде іске асыруға кедергі келтіретін факторлардың бірі – қылмыстық заңнаманың өзінде отбасы және тұрмыстық зорлық-зомбылық ұғымының нақты айқындалмауы.

Кілтті сөздер: *отбасы, халықаралық тәжірибе, қылмыстық жауапкершілік, әлеуметтік қорғау, зорлық-зомбылық, қоғам, жәбірленуші, заң.*

Противодействие бытовому насилию: анализ международного опыта

В данной статье проведён сравнительный анализ мер противодействия бытовому насилию в международной практике. Определена глобальная значимость данной проблемы, рассмотрено её влияние на социальную стабильность и систему правового регулирования.

Изучены эффективные правовые и институциональные механизмы противодействия бытовому насилию в США, Швеции и Великобритании. Проанализированы принятые в этих странах законодательные меры и стратегии профилактики насилия.

Рассмотрены возможные способы противодействия насилию на всех этапах его проявления, а также изучена согласованная работа правоохранительных органов, психологических и медицинских служб.

Эта статья всесторонне рассматривает проблему насилия в семье и бытовых отношениях. По мнению автора, данная проблема носит комплексный характер, и для ее решения необходимо согласованное применение психологических и правовых механизмов.

Анализируется возможность разработки эффективных мер по предотвращению насилия. К таким мерам наряду с уголовно-правовыми механизмами должны относиться также социально-психологические методы ресоциализации. Однако одним из факторов, затрудняющих системное внедрение таких мер, является отсутствие четкого определения понятия семейного и бытового насилия в уголовном законодательстве.

Ключевые слова: *семья, международный опыт, уголовная ответственность, социальная защита, насилие, общество, жертва, закон.*

Counteracting domestic violence: analysis of international experience

This article provides a comparative analysis of measures to combat domestic violence in international practice. The global significance of the issue is highlighted, with an examination of its impact on social stability and legal regulation systems.

Effective legal and institutional mechanisms for combating domestic violence in the USA, Sweden, and the United Kingdom are explored. The effectiveness of legislative measures and prevention strategies adopted in these countries is analyzed.

Possible approaches to counteracting violence at all stages of its manifestation are considered, as well as the coordinated efforts of law enforcement agencies, psychological support services, and medical institutions.

This article provides a comprehensive analysis of the issue of domestic and family violence. According to the author, this problem has a complex nature and requires the coordinated application of psychological and legal mechanisms for its resolution.

The possibility of developing effective measures to prevent violence is examined. These measures should include not only criminal-legal mechanisms but also socio-psychological methods of resocialization. However, one of the factors complicating the systematic implementation of such measures is the lack of a clear definition of domestic and family violence in criminal legislation.

Key words: *family, international experience, criminal liability, social protection, violence, society, victim, law.*

Кіріспе

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық – қазіргі қоғамдағы ең күрделі және маңызды мәселелердің бірі. Бұл проблема көптеген елдер үшін өзекті болып табылады және тиісінше мұқият қарастыруды және талдауды талап етеді.

Қазіргі уақытта отбасындағы зорлық-зомбылықтың әртүрлі көріністері қауіпті ауқымға жетті. Бұл отбасының қылмыстық сипат алуы тек әлсіремей, керісінше, жылдан жылға күшейіп келе жатқанын көрсетеді. Өкінішке орай, біз бұқаралық ақпарат құралдарынан отбасылық зорлық-зомбылық фактілері туралы жиі естіп жатамыз, ал оның құрбандары көбіне әйелдер, балалар, қарттар және мүгедектер болады, олар отбасыдағы тәуелді жағдайына байланысты өздерін қорғауға қабілетсіз. Отбасылық зорлық-зомбылық – ең жасырын қылмыстардың бірі. Бұл құбылыстың жасырын сипаты оның нақты ауқымын бағалауды қиындатады. Сонымен қатар, отбасылық зорлық-зомбылықтың негізгі ерекшеліктерінің бірі – оның жүйелілігі.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі оның қазіргі қоғам үшін маңыздылығымен байланысты. Отбасының амандығы қоғамның тұрақтылығына тікелей әсер етеді, ал отбасы институтын сақтау және қолдау құқықтық мемлекеттің басым бағыттарының бірі болып табылады.

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оны болдырмау – мемлекеттің, қоғамның және әрбір азаматтың ортақ міндеті. Бұл мәселені шешу үшін кешенді заңнамалық реформалар қажет, олар жәбірленушілерді қорғаумен қатар, зорлық-зомбылықтың себептерін жоюға бағытталуы тиіс.

Сондай-ақ, әлеуметтік қызметтерді дамыту, психологиялық қолдау көрсету және құқықтық сауаттылықты арттыру маңызды. Жәбірленушілердің құқықтарын қорғауға арналған орталықтар мен сенім телефондары олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмектесуі керек.

Бұл заң зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған нақты шараларды қамтып, қоғамда қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруы тиіс. Отбасылық құндылықтарды нығайту, зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас нормаларын енгізу және азаматтардың құқықтық білімін арттыру – тұрақты әрі қауіпсіз қоғам құрудың негізгі алғышарттары.

Негізгі бөлім

Соңғы жылдары отбасылық зорлық-зомбылық мәселесі ерекше өзектілікке ие болды. Бұл тақырып мемлекеттік, қоғамдық және халықаралық ұйымдардың көптеген зерттеулеріне арқау болған. Отбасылық зорлық-зомбылық құрбандары құқық қорғау органдарына жүгінбеуі және өздеріне жасалған заңсыз әрекеттер туралы басқаларға хабарламауы өте жиі кездесетін жағдай. Бұл жағдай отбасындағы зорлық-зомбылыққа қатысты тіркелмеген қылмыстар санының артуына және агрессордың жазасыздық сезімінің күшеюіне алып келеді.

Отбасылық зорлық-зомбылықтың негізгі ерекшелігі – жәбірленуші мен агрессордың жақын туыстық қарым-қатынаста болуы. Жәбірленуші әртүрлі

сезімдер мен қорқыныштарды бастан кешіреді, оның ішінде құқық қорғау органдарына жүгіну олардың жағдайына, балаларына және басқа жақын туыстарына теріс әсер етуі мүмкін деген қауіп бар. Мұндай мінез-құлықтың ерекшелігі ұзақ мерзімді перспективада одан да зиянды салдарға әкеледі.

Отбасылық зорлық-зомбылыққа байланысты тіркелмеген қылмыстардың көп болуының тағы бір себебі – жәбірленушінің басына түскен жағдай туралы хабарлауға мүмкіндігі болмауы.

Осы проблеманы шешу үшін әлеуметтік желілерде «The Black Dot» деп аталатын науқан іске қосылды. Бұл бастаманың мақсаты – жәбірленушінің агрессорға байқатпай, айналасындағыларға көмек сұрау белгісін беруіне мүмкіндік жасау. Мұны қауіпте тұрған адам алақанының ішкі жағына қара нүкте қойып, оны көпшілік орындарда көрсетумен немесе әлеуметтік желіде агрессор байқамайтындай етіп орналастыру арқылы жүзеге асыра алады [1].

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы тиімді іс-қимыл шараларын әзірлеу көптеген елдер үшін басым міндеттердің бірі болып табылады.

Соңғы жылдары тіркелген құқық бұзушылықтар санының артуы қоғамдық алаңдаушылықты күшейтті, бұл өз кезегінде зорлық-зомбылық құрбандарына жедел көмек көрсету тетіктерін жетілдіру қажеттілігін туындатты. Осыған байланысты халықаралық тәжірибені жүйелі түрде зерттеу және оны практикалық қолдану маңызды бағыттардың бірі ретінде айқындалып отыр.

Ағылшын-саксондық құқық жүйесі бар елдердегі отбасылық зорлық-зомбылықтың тарихи негіздері жалпы құқық қағидаттарына байланысты.

Орта ғасырлар мен жаңа заман кезеңінде ер адам белгілі бір шектеулер аясында әйеліне және балаларына қатысты физикалық күш қолдану құқығына ие болған. Бұл құбылыс дәстүрлі құқықтық нормалар мен қоғамдық көзқарастардың әсерімен қалыптасқан.

Қазіргі қоғамда отбасылық зорлық-зомбылыққа деген көзқарас түбегейлі өзгерді. Құқықтық реттеудің эволюциясы және әлеуметтік нормалардың трансформациясы бұл мәселеге төзбеушілікті қалыптастырды. Солтүстік Америка мен Батыс Еуропа елдерінде әйелдер мен балаларды қорғауға бағытталған алғашқы орталықтандырылған бастамалар жүзеге асырылды, алайда олардың кейбіреуі қарама-қайшы нәтижелерге алып келіп, миллиондаған отбасының ыдырауына себеп болды. Ресми статистикаға сәйкес, Америка Құрама Штаттарында жыл сайын 250–300 мың бала отбасынан ажыратылады, 2023 жылғы статистикаға сәйкес, 18 жылда бұл көрсеткіш шамамен 5 миллионға жетті [2].

Отбасылық зорлық-зомбылық құрбандары үшін құқықтық және психологиялық қолдау көрсету мақсатында АҚШ-та тәулік бойғы жедел телефон желісі (1-800-621-HOPE) іске қосылды. Ел халқының этникалық әртүрлілігі ескеріліп, он түрлі тілде кеңес беру қызметі ұйымдастырылған. Бұл қызмет зорлық-зомбылық құрбандарына жедел көмек көрсетуді,

ақпараттандыруды және дағдарыстық жағдайда психологиялық қолдау ұсынуды көздейді.

Осындай қызметтер әлемнің көптеген елдерінде жұмыс істейді. Ресей Федерациясында отбасылық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған тегін бүкілресейлік сенім телефоны іске қосылған. Италияда көптілді телефон қызметі жұмыс істейді, ал ел заңнамасына сәйкес, табысы төмен Италия азаматтары мен елде тұрақты тұратын шетелдіктерге құқықтық қорғау және сот шығындарын өтеу кепілдігі беріледі [3].

Германия заңнамасында отбасылық зорлық-зомбылық құрбандары үш ай ішінде құқық қорғау органдарына шағым түсіруге құқылы, ал полиция тіркеген құқық бұзушылықтар бойынша қылмыстық іс жәбірленушінің жазбаша өтінішінің болуына қарамастан қозғалады. Бұл құқықтық тетік өзінің жоғары тиімділігін көрсеткен.

Осылайша, отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жүйесі көптеген елдерде дамып, жетілдірілуде. Халықаралық тәжірибені зерделеу және ұлттық құқықтық тетіктерді оңтайландыру зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсетудің тиімділігін арттыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Ішкі істер органдары заңмен белгіленген мерзімге агрессорға қатысты уақытша шектеу шараларын қолдануға құқылы. Тыйым салу туралы бұйрықты бұзу қатаң жазаланатын құқық бұзушылық болып табылады.

Швеция заңнамасына сәйкес, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты қылмыстар қоғамдық айыптау істерінің санатына жатады. Құқық қорғау органдары прокурор басқаратын алдын ала тергеу жүргізеді. Сонымен қатар, зорлық-зомбылық құрбаны істің тергеу барысына ықпал ете алмайды және агрессорға қатысты шағымын қайтарып алу немесе жазбаша өтінішін кері алу арқылы оның тоқтатылуына себепші бола алмайды. Алдын ала тергеуді бастау үшін құқық қорғау органдарына отбасылық зорлық-зомбылыққа қатысты құқық бұзушылық жасалғанын болжауға мүмкіндік беретін негіздің болуы жеткілікті. Мұндай негіздерге қылмыстық әрекет белгілерінің болуы жатады, мысалы, жәбірленушінің жарақаттары, оны жақын туыстық қарым-қатынастағы тұлғаның келтіруі. Полиция қызметкерлері жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіру деңгейін жедел бағалауға міндетті. Осыған байланысты тиісті қорғаныс шараларын қабылдап, агрессорға әсер ету үшін қажетті әрекеттерді жүзеге асыру қажет [4].

Францияда отбасылық зорлық-зомбылық құрбандарына соттан кейінгі қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған тиімді шаралар іске асырылуда. Физикалық зорлық-зомбылық фактісі анықталған жағдайда сот агрессорға шектеу шараларын қолдануды көздейтін қорғау туралы қаулы шығаруға құқылы, оның ішінде жәбірленушіге жақындауға тыйым салу. Сондай-ақ, сот екі тараптың тұрмыс-тіршілігінің кең спектрін реттеуге құқылы, оның ішінде ортақ балалардың тұрғылықты жерін анықтау, агрессордың тіркеу мекенжайында тұру мүмкіндігі, материалдық міндеттерді бөлу және басқа да аспектілер қарастырылады.

Франция заңнамасына сәйкес, отбасындағы мүшеге қарсы жасалған зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстар ауырлататын мән-жайлар ретінде қарастырылады және басқа тұлғаға қатысты жасалған осындай әрекеттермен салыстырғанда неғұрлым қатаң жаза қолдануды көздейді.

Ұлыбритания заңнамасы отбасылық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғауға бағытталған бірқатар шараларды қарастырады. Жәбірленуші құқық қорғау органдарына қорғау шараларын ұсыну туралы өтінішпен жүгінуге құқылы. Агрессорға жедел әсер ету шараларының бірі – оны 48 сағатқа қамауға алу.

Отбасылық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғаудың тағы бір маңызды шарасы – соттың қорғау ордерін беруі. Бұл ордер агрессордың жәбірленушімен бірге тұрған мекенде 28 күн ішінде болуына тыйым салады.

Аталған шектеу шаралары агрессорды оқшаулауға, оның жәбірленушіге әсерін болдырмауға және құқық қорғау мен сот органдарына құқық бұзушылықтың барлық мән-жайларын анықтауға, сондай-ақ қосымша қажетті шектеу шараларын енгізуге уақыт береді.

Халықаралық тәжірибеде отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы күресте қолданылатын терминологиялық ерекшеліктер маңызды рөл атқарады. Әртүрлі елдердің нормативтік-құқықтық актілерінде «отбасы» ұғымы мен оның құрамына қатысты әртүрлі түсіндірулер беріледі.

Мысалы, Испанияда қолданыстағы «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы кешенді қорғау шаралары туралы заң» отбасылық қатынастар ұғымын кеңінен қамтиды. Бұл заң бойынша отбасы қатынастары ресми тіркелген ерлі-зайыптылармен ғана шектелмей, бұрынғы жұбайларды, қандас туыстарды, романтикалық қарым-қатынастағы адамдарды, бірге тұрып, ортақ шаруашылық жүргізетін тұлғаларды және басқа да көптеген категорияларды қамтиды.

Бразилияда «Мария да Пенья» заңы бар, оның негізгі мақсаты – тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл шараларын реттеу. Бұл заңға сәйкес, отбасы ұғымы «бір-бірімен байланысты немесе байланысты деп есептейтін тұлғалардан құралған қауымдастық, олар туыстық қатынастарға, жанама байланыстарға немесе ортақ өмір сүруге деген ниетіне байланысты бірігеді» деп анықталады. Сондай-ақ, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасалған орынның түсіндірмесі де кеңінен беріледі: «отбасы байланыстары бар немесе байланыстары жоқ тұлғалардың тұрақты тұратын жері» [2].

Әйгілі әлеуметтанушы «Энтони Гидденс» отбасы ұғымын «қандық туыстық қатынастары бар адамдар тобы, мұнда ересек мүшелерінің кәмелетке толмағандарға қамқорлық көрсету міндеті бар» деп анықтайды [1].

Отбасы ұғымының әр елде әртүрлі анықталуы құқық қолдану тәжірибесінің өзіндік ерекшеліктерін қалыптастырады.

Әдетте, бұл айырмашылықтар әр елдің тарихи ерекшеліктеріне байланысты, қоғамда осы мәселеге деген көзқарасты өзгеше қалыптастырады. Кейбір елдерде «отбасылық зорлық-зомбылыққа» қарсы күреске басымдық

берілсе, ал басқаларында «тұрмыстық зорлық-зомбылыққа» қарсы шаралар күшейтіледі.

Отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тәсілдеріндегі айырмашылықтар әртүрлі елдердің заңнамалық актілерінде жауапкершілікке тартылатын субъектілер шеңберінің әртүрлі анықталуына алып келеді. Сонымен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрлерін жіктеу де әр елде ерекшеленеді.

«ГРЕВИО» баяндамасында Швецияның отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тәжірибесіне, әсіресе әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларына ерекше назар аударылады.

Ұлыбританияда құқық бұзушылықтардың реестрі бар, оған тұрмыстық зорлық-зомбылық оқиғалары және оған кінәлі тұлғалар туралы мәліметтер енгізіледі. Елде азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ерекше құқықтық тетік қарастырылған: заңды некеге тұрудан бұрын әрбір азамат болашақ жұбайын тұрмыстық зорлық-зомбылық істеріне қатыстылығы тұрғысынан тексеру үшін тиісті органдарға өтініш бере алады. Бұл тұлғаның құқық бұзушылар реестріне енгізілгенін анықтауға мүмкіндік береді [5].

Швеция қоғамында соңғы бірнеше онжылдық ішінде жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстар санының өсуі алаңдаушылық тудыруда. 1970 жылдардың ортасынан 2018 жылға дейінгі аралықта мұндай қылмыстар саны шамамен жеті есеге артқан. Алайда, осы кезеңде Швеция заңнамасында «зорлау» ұғымы айтарлықтай өзгеріске ұшырады және қазіргі уақытта бұл түсінік кеңейтілген, оған қосымша санаттар енгізілген.

Отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес саласындағы құқықтық реттеудің маңызды кезеңі 2014 жылы қабылданған «Еуропа Кеңесінің әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және онымен күрес жөніндегі конвенциясы» болды. Бұл құжат зорлық-зомбылық құрбандарын қорғаудың жан-жақты құқықтық негізін қалыптастыруға және осындай қылмыстардың санын азайтуға бағытталған.

Конвенцияны ратификациялағаннан кейін Швецияда бірқатар заңнамалық өзгерістер енгізілді, олар кейіннен айтарлықтай сынға ұшырады. Атап айтқанда, байланысқа тыйым салу туралы бұйрықтың аясын кеңейту, соның ішінде жәбірленушімен бірге тұрған үйден мәжбүрлі түрде шығару туралы бұйрық енгізу, зорлау ұғымын кеңейту (екі тараптың нақты келісімінсіз жыныстық қатынас заң бұзушылық деп танылды) және басқа да шаралар қарастырылды.

Конвенцияның талаптарын орындау мақсатында 2017–2026 жылдарға арналған «Ерлердің әйелдерге қатысты зорлық-зомбылығына қарсы ұлттық стратегия» әзірленді. Айта кету керек, мұндай тәсіл ер адамды бастапқыдан-ақ агрессор ретінде қарастырады, алайда бұл барлық жағдайларға сәйкес келе бермейді.

Әртүрлі елдерде тұрмыстық зорлық-зомбылық қылмыстарының құрылымында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Мысалы, Таяу Шығыс пен

Магриб елдерінде балаларға қарсы қылмыстардың үлесі өте төмен, ал Мексика мен Швейцарияда зерттеліп отырған саладағы қылмыстардың көпшілігі балаларға қатысты жасалады. Зерттеулерге сәйкес, шамамен 10% балалар отбасында зорлық-зомбылыққа ұшырайды, бірақ тек 1% оқиға құқық қорғау органдарында тіркеледі.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық баланың психикасына тек оның тікелей құрбан болған жағдайында ғана емес, сонымен бірге ол отбасындағы зорлық-зомбылықтың куәсі болғанда да зиян келтіреді. Швейцарияда тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары берген өтініштердің 75%-ында балалардың құқық бұзушылықтың куәлері болғаны көрсетілген.

Отбасылық зорлық-зомбылыққа қатысты тіркелген құқық бұзушылықтар саны мен олардың құрылымындағы айырмашылықтарға көбінесе осы саладағы құқық бұзушылықтардың жалпы жиынтығындағы тіркелген қылмыстардың үлесі әсер етеді.

Таяу Шығыс елдерінде бұл көрсеткіш айтарлықтай төмен. Бұл қоғамдағы мықты дәстүрлі көзқарастармен байланысты, өйткені көптеген жағдайларда балаларды физикалық жазалау зорлық-зомбылықтың көрінісі ретінде қарастырылмайды.

Египетте отбасылық зорлық-зомбылыққа байланысты тіркелген құқық бұзушылықтардың жалпы құрылымында балаларға қатыгездік жасау тек 1% жағдайда ғана кездеседі. Зерттеушілердің пікірінше, бұл деректер шынайы жағдайды толық көрсете алмайды. Отбасындағы балаларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайлары бойынша ресми деректерге сәйкес, ең жиі зардап шегетін жас санаты 3–6 жас аралығындағы балалар болып табылады (шамамен 40%), ал ең сирек кездесетін жағдайлар 9 – 12 жас аралығында орын алады (5%-дан аз). Балалар көбінесе жұмсақ емес қатты заттармен келтірілген физикалық жарақаттар алады. Зорлық-зомбылық жасаушылардың басым бөлігі – ер адамдар.

Румынияда соңғы бес жылда отбасылық зорлық-зомбылыққа байланысты құқық бұзушылықтар саны үш еседен астам өсті. Бұл қылмыстардың шамамен жартысында жәбірленушілер 18 жасқа толмаған тұлғалар болған.

Македонияда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әйелдерге сексуалдық сериктестер тарапынан жасалуына ерекше назар аударылады. Македония университеті ғалымдарының зерттеуі бойынша, 159 тұрмыстағы әйелдің 59-ы отбасындағы зорлық-зомбылыққа ұшыраған. Орташа жас көрсеткіші 21–63 жас аралығында, ал зардап шеккендердің 47,5%-ы жұмыс істемейтін әйелдер болған [6].

The Washington Post деректеріне сәйкес, Қытайдағы әрбір төртінші әйел тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны болып табылады. Зерттеушілердің пікірінше, шынайы көрсеткіштер одан әлдеқайда жоғары болуы мүмкін. Кейбір авторлар Қытайда ондаған миллион тұрмыстағы әйелдердің қауіпте екенін айтады. 2016–2019 жылдар аралығында тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан 1214 адам қаза тапқан, олардың 7%-ы кәмелетке толмағандар болған [6].

Қазақстанда, 2017 жылы «қасақана жеңіл дене жарақатын келтіру» және «соққы» баптарының декриминализациясынан кейін тіркелген тұрмыстық зорлық-зомбылық құқық бұзушылықтарының саны екі есе артқан.

Әлемнің көптеген елдері тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылдың маңыздылығын түсініп, тиісті алдын алу және қорғау шараларын әзірлеуде.

Нидерландыда отбасылық зорлық-зомбылықты анықтаудың төмен деңгейін шешу үшін арнайы нейропсихологиялық реакцияларды талдайтын бағдарламалық жасақтама енгізілуде. Бұл жүйе эмоциялық қоздырғыштарға (бет-әлпет және дене белгілері) жауапты бағалап, тұлғаның зорлық-зомбылыққа ұшырағанын анықтауға мүмкіндік береді [1].

Румынияда балаларға қатыгездік жасалуын анықтау мақсатында «адам суреті» проективті әдісі ұсынылған. Бұл әдіс балалардың психологиялық жағдайын бақылауға бағытталған.

Мексикада зерттеушілер тұрмыстық зорлық-зомбылық тақырыбын мектеп және университет бағдарламаларына қосу қажеттілігін алға тартуда, әсіресе медицина саласындағы оқу орындарында. Дәрігер Gabriel Perez-Rendon пікірінше, медициналық мекеме қызметкерлерінің бұл мәселеге қатысты білімі жеткіліксіз.

Швейцарияда тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары көбіне медициналық қызметкерлер жинаған анамнез арқылы анықталады. Бұл құрылымдалған сауалнама, онда жәбірленушінің отбасылық жағдайы, әлеуметтік мәртебесі, тұрмыстық зорлық-зомбылық тәжірибесі және басқа факторлар туралы сұрақтар енгізілген.

Испандық зерттеушілер жүйелі тәсілдің отбасылық зорлық-зомбылық жағдайларын анықтаудағы қажеттілігі мен жоғары тиімділігіне ерекше мән береді. Бұл тәсіл құжаттарды зерттеуді, анамнез жинауды, медициналық тексеруді, тұлғаның психологиялық бағалауын қамтиды.

Арнайы психологиялық зерттеу кешенді сипатқа ие және когнитивтік, эмоционалдық, мінез-құлықтық, жыныстық және әлеуметтік аспектілерді бағалауға бағытталған.

Германия, Франция және Қытайда отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылдың жетекші рөлін ішкі істер органдары мен қоғамдық ұйымдар атқарады.

Қытайда медициналық және мемлекеттік мекемелер тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы ақпарат алған жағдайда бұл мәліметті құқық қорғау органдарына міндетті түрде жеткізуі тиіс.

Францияда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күресті күшейту мақсатында шағымдарды қарастыру тиімділігін арттыру ұсынылуда. Бұл шағымдарды арнайы тағайындалған тұлғаның басымдықпен қарастыруы қарастырылып отыр.

Германияда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы арнайы ұйымдар жұмыс істейді. Соңғы жылдары әйелдерге арналған дағдарыс орталықтарының саны артып келеді, ал қоғамдық ұйымдар түрлі науқандар

өткізу арқылы қоғам назарын тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелеріне аударуда.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы жүйені жетілдіруде медициналық қызметкерлерге маңызды рөл берілуі қажет, себебі олар физикалық зорлық-зомбылық белгілерін алғашқылардың бірі болып анықтайды. Физикалық зорлық-зомбылық жағдайларын анықтау және тіркеу үшін арнайы жоспар әзірлеу орынды. Мұндай жоспар нақты жағдайларды анықтаумен қатар, жәбірленушілер мен агрессорлардың мінез-құлықтық ерекшеліктерін тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибені талдау тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрестегі бірқатар ерекшеліктерді анықтады. Әртүрлі елдердің тарихи даму ерекшеліктері заңнамалық терминологияға әсер етеді, бұл жауапкершілікке тартылатын тұлғалар шеңберіндегі айырмашылықтарға алып келеді. Сонымен қатар, тарихи және мәдени ерекшеліктер тұрмыстық зорлық-зомбылықтың тіркелген құқық бұзушылықтар үлесіне әсер етеді. Әртүрлі елдерде қолданылатын шаралар мен құралдардың кең вариациясы байқалады. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес некеге тұру кезеңінен бастап, отбасындағы агрессиялық қарым-қатынастардың алдын алуға, құқық бұзушылықтарды тергеуге, зардап шеккендерді қорғауға және зорлық-зомбылық жасаушыларды түзетуге дейін әртүрлі деңгейлерде жүзеге асырылады [6].

БҰҰ-ның, ұйымдардың, партиялардың болуы мен қызметіне қарамастан, өкінішке орай, біз әйелдер құқығын қорғау саласында әлі де көптеген шешілмеген мәселелер бар екенін айтуға мәжбүрміз. Қазақстан БҰҰ-ға қатысушы ел ретінде әйелдердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласында да өзіне міндеттемелер алды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау мәселесінде көп нәрсе жасады. Әйелдер құқықтары туралы негізгі ережелер Конституцияда көрініс тапты, Қазақстан Республикасы әйелдер құқықтарына қатысты негізгі халықаралық пактілер мен шарттарға қол қойды. Мысалы, 1998 жылы Қазақстан әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы БҰҰ Конвенциясына қосылды, кейін «әйелдердің саяси құқықтары туралы», «тұрмыс құрған әйелдің азаматтығы туралы» БҰҰ конвенциялары ратификацияланды.

Қазақстанда іскер әйелдер қауымдастығы пайда болды, әйелдер, тіпті декреттік демалыста болса да, ақша табуға мүмкіндігі бар, мемлекет әйелдердің кәсіпкерлік қызметке, саяси және басқа да көптеген қызмет түрлеріне белсенді қатысуын ынталандырады.

ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 12 наурыздағы № 346 қаулысымен әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық проблемаларымен айналысатын мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің өзара іс-қимылын ұйымдастыру қағидалары бекітілді.

ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің деректеріне сәйкес, 2024 жылы әйелдерге қатысты жасалған 48413 қылмыстық іс тіркелген [7].

Әсіресе, ауылдық жерлерде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәселесі өзекті, өйткені гендерлік теңдік идеялары көбінесе мегаполистер мен қалаларда ғана таралады, ауылдық жерлерге архаикалық институттардың сақталуы тән.

К.Х.Рахимбердин мен Г.М.Ростиславович атап өткендей, зорлық-зомбылықтың басты себебі, оның заңсыз және қасақана сипатынан басқа, жәбірленушілерге ауырсыну мен азап шегуді сезіндіру болып табылады. Зорлық-зомбылық неғұрлым қауіпті болса, жәбірленуші соғұрлым азап шегеді [8].

Қазіргі әлемдегі әйелдердің алдында тұрған кедергілер туралы айта отырып, біз елдегі және әлемдегі әйелдерді кемсітуге мысал келтіре аламыз. Е.В.Заколдаева өз мақаласында атап өткендей, әйелдерге қатысты кемсітушілік тек еңбек саласымен шектелмейді. Сонымен, білім беру саласында кемсітушілік бар [9]. Әдетте, менталитетке байланысты әйел қоғамдық қатынастарда тең құқылы субъект ретінде қабылданбайтын елдерде әйелдер үшін білімге қол жетімділік шектеулі. Мұндай әйелдер нағыз құлдықта, тіпті құл саудасының құрбандары.

Адам саудасы қазіргі уақытта құлдықтың қазіргі түрі ретінде қарастырылады [10].

Біз әйелдерді тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғаудың проблемалары мыналар деген қорытындыға келдік:

-әйел қарым-қатынастың, оның ішінде отбасындағы тең құқылы субъект ретінде қабылданбаған кезде; біздің еліміздегі әйелдер құқық қорғау қызметтеріне немесе БАҚ-қа сирек жүгінеді, өйткені біздің қоғамда қалыптасқан стереотиптерге байланысты туыстарынан қолдау таппайды және олар көбінесе күйеуіне қаржылық тәуелді немесе күйеуінің кек алуынан қорқады;

-құқықтық сауатсыздық, әсіресе гендерлік теңдік идеялары жетпейтін ауылдық жерлерде;

-кәсіби психологтардың, заңгерлердің жетіспеушілігі,

-абьюзерге тап болған әйелдер үшін нақты жасалған іс-қимыл алгоритмінің болмауы;

-әйелдер көмек сұрайтын мамандардың құзыреттілігі жеткіліксіз.

Осыған байланысты, осы мәселелерді шешу үшін ауылдық жерлерде дөңгелек үстелдер, гендерлік теңдік тақырыбында халықпен кездесулер өткізу, әйелдерге ажырасу кезінде көмек алу мүмкіндігі туралы білім беру және т.б. қажеттіліктер бар деп санаймыз. Кәсіби психологтар мен құқық қорғаушылардың жетіспеушілігі мәселесін дағдарыс орталықтарында шешу, тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайында әйелдерге арналған іс-қимыл алгоритмін әзірлеу және оны әлеуметтік желілерде, БАҚ-та, буклеттерде

тарату, дағдарыс орталықтарында жұмыс істейтін мамандарға шет елдерде тәжірибе алмасу үшін біліктілікті арттыру семинарларын жиі өткізу.

Қорытынды

Жалпы, халықаралық тәжірибе мен академиялық зерттеулерді талдау тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әлемдік қауымдастық үшін өткір және өзекті мәселе екенін көрсетеді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресу – қоғам тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі шарттарының бірі. Арнайы заң әзірлеу арқылы бұл мәселені кешенді түрде шешуге мүмкіндік туындайды. Мұндай құқықтық бастама тек құқық бұзушыларға қатаң жаза қолданумен ғана шектелмей, қоғамда зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын қалыптастыруы тиіс.

Зияткерлік меншік құқығын бұзу мүмкіндігі осы технологиямен ықпалдасудың маңызды заңды тәуекелі болып табылады. Егер нақты заң жобасын қабылдау негіздемесі бар құжаттар қандай да бір авторлардың жұмыстарына негізделсе, онда олар зияткерлік меншік құқығын бұзуы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілгендердің бәрі заң шығару қызметінде ЖИ пайдалану жаңа құзыреттерді игеруді талап ететінін көрсетеді.

Қазақстанның алдында, өзге де қазіргі заманғы мемлекеттер сияқты, цифрлық дәуірдің басталуымен жаңа цифрлық технологияларды пайдалануға байланысты міндеттер өзектендірілді. Бүгінде технологиялық жаңалықтар ҚР құқықтық жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды деп айтуға болады.

Бұл саланы құқықтық реттеудің бірінші кезеңі, 2007 жылы «Ақпараттандыру туралы» ҚР Заңының қабылдануынан басталады. Сол кезеңде шешілген маңызды міндет «Электрондық үкімет» (e-gov) порталын әзірлеумен байланысты болды. Аталған жаңашылдықты енгізу халықтың мемлекеттік қызметтерді алуын оңтайландырды. Электрондық үкімет порталындағы қызметтерді үйден шықпай-ақ, бір рет басу арқылы алуға болады.

Қазіргі уақытта Қазақстан электрондық үкімет бойынша БҰҰ рейтингінде 28-ші, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы бойынша 8-ші орында тұр. Бұл елдің ақпараттық дәуірдің сын-тегеуріндерімен қадам басуға ұмтылатынын көрсетеді.

Цифрландыру процесінің екінші кезеңі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының қабылдануымен басталды. Онда қазақстандық ұйымдардың түрлі ақпараттық жүйелері арасында деректермен жылдам алмасуға көмектесетін «Smart bridge» ақпараттық жүйесін ықпалдастыру қажеттігі туралы айтылды. Бұл бағдарлама банктік қосымшалардың тиімді жұмыс істеуіне ықпал етті. Қазір көптеген мемлекеттік қызметтер азаматтарға ыңғайлы болуы үшін банктік қосымшаларда орналастырылған egovmobile мемлекеттік платформасын пайдалану арқылы көрсетіледі. Мемлекет үшін азаматтарға әдеттегі жүйеде мемлекеттік қызмет көрсету маңызды.

Үшінші кезең, ЖИ пайдалануға байланысты қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуді қамтитын ҚР Цифрлық кодексін әзірлеумен байланысты. Қазақстандық заң шығарушы жасанды интеллектті енгізудің ерекшеліктері мен тәуекелдерін ескеруі тиіс. ЖИ адам көздеген функциялардан тыс өз бетінше оқуға, интернетте тиісті ақпаратты табу арқылы жаңа дағдыларды меңгеруге қабілетті. Илон Маск, Стив Возняқты қоса алғанда, 1000-нан астам сарапшылар мен жасанды интеллектті дамыту жөніндегі компаниялардың

басшылары оларды бақылау тетігін жасау және қауіпсіздік хаттамаларын дайындау үшін жасанды интеллект жүйелерін оқытуды жарты жылға тоқтата тұруға шақырған ашық хатқа қол қойғаны кездейсоқ емес. «Қуатты сандық ақылды» құру жарысы адамдарды алмастырады, деп ескертті олар. Сонымен қатар, қоғам өмірінің түрлі салаларында ЖИ пайдалану бүгінде ғалым-заңгерлер тарапынан объективті түрде тиімді реттеуді талап ететін болмай қоймайтын және перспективалы шындық ретінде қабылданады. Заң әдебиетінде әділ атап көрсетілгендей, осы технологияның жұмыс істеуіне қатысты нормативтік құқықтық базаны құру оның ерекшелігі мен әлеуетті тәуекелдерін, сондай-ақ адамның, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қамтамасыз етуге бағдарлануын ескеретін нақты әзірленген тәсілдер негізінде жүзеге асырылуы тиіс [5].

Алайда, шетелдік тәжірибені талдай отырып, елдер өздерінің жасанды интеллектінің стратегиялық даму дәрежесін ескереді. Осылайша, ЖИ стратегиялық даму дәрежесіне қарай әрбір ел құқықтық реттеуге бейімделеді.

Қазақстанда екі жыл бойы Мемлекет басшысының тапсырмасымен жасанды интеллектіге маманданған дата-орталықтар салу көзделіп отыр. Мұндай шаралар қазіргі заманғы сын-қатерлерді, шындықтарды, үрдістер мен қауіп-қатерлерді ескеретін құқықтық сүйемелдеуді көздейді.

ЖИ-құқық серпінді дамып келе жатқан сала болып табылады және қазақстандық заң шығарушы технологиялық жаңалықтарды енгізу қоғам мен мемлекеттің дамуының драйвері болуын ескере отырып, уақыт ағымына уақтылы ден қою қажеттігін түсінеді. Дегенмен, отандық ғалымдардың ЖИ саласындағы заңнаманы кодификациялауға қатысты көзқарастары әртүрлі.

ҚР Парламенті Сенатында парламенттік жұмысты цифрландыруға үлкен мән беріледі. Мысалы, Сенаттың Жобалық кеңсесі мен Мақсұт Нәрікбаев университетінің отырыстарында сенатор Ж.Қ.Асанов заң шығару қызметіне жасанды интеллект енгізу мәселесін талқыға салды.

Қазір заң шығару процесінде ЖИ пайдаланудың стратегиясы мен базалық қағидаттарын әзірлеу қажеттігі туындады деп есептейміз.

Бұл, бір жағынан, технологиялық прогреске бейімделу қажеттілігімен, екінші жағынан-құқықтық реттеудің сапасын арттыруға деген сұраныспен байланысты. Жасанды интеллектті құқықтық салаға интеграциялау кезінде халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, Қазақстан үшін оңтайлы құқықтық модельдерді қалыптастыру маңызды. Бұл үдеріс заң шығарушының рөлін күшейтуге, шешім қабылдау үдерісін нақтылауға және құқық нормаларының тиімділігін арттыруға бағытталуы тиіс.

Сондай-ақ, ЖИ-дің этикалық, құқықтық және әлеуметтік салдарын ескеретін құқықтық шектеулер мен кепілдіктер жүйесін әзірлеу қажет. Заңнамалық процесте ЖИ пайдалану деректердің қауіпсіздігін, адам құқықтарын сақтау және шешім қабылдаудағы бейтараптық принциптерін қамтамасыз етуі тиіс. Осы ретте мемлекеттік органдар мен ғылыми қауымдастық арасындағы ынтымақтастық, сондай-ақ кәсіби кадрларды даярлау маңызды рөл атқарады.

ЖИ-ге негізделген құралдар заң мәтіндерін сараптау, қайшылықтарды анықтау, қоғамдық пікірді болжау және заңнамалық бастамалардың салдарын бағалау секілді бағыттарда тиімді қолданылуы мүмкін. Бұл заң шығару сапасын арттырып қана қоймай, құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайтуға да ықпал етеді.

Осылайша, Қазақстанның заң шығару жүйесінде жасанды интеллектті енгізу-тек техникалық жаңғыру емес, сонымен бірге құқықтық саясатты трансформациялау құралы ретінде қарастырылуы қажет.

Қорытынды

Халықаралық және шетелдік тәжірибені талдау көрсеткендей, қазіргі уақытта жасанды интеллект технологиясы заң қызметінде маңызды құралға айналып келеді. Ол түрлі құқықтық салаларға енгізілуде, бұл мемлекеттік-құқықтық функцияларды іске асырудың тиімділігіне оң әсерін тигізеді.

Заң шығару қызметінде жасанды интеллект үлкен әлеуетке ие. Үлкен деректерді талдау, қайшылықтарды, қайталауларды, техникалық және өзге де қателіктерді анықтау үшін оның мүмкіндіктерін пайдалану өте пайдалы болуы мүмкін. Бұл ретте ол адам бағдарын, әділдікті және өзге де моральдық-этикалық қасиеттерді ескеруді талап ететін заң жобаларын дербес дайындауға қабілетсіз. Адаммен байланыста ғана жасанды интеллект заң шығару қызметінің тиімді тетігіне айналуы мүмкін. Сондықтан таяу болашақта технология заң жобаларын дайындауды жетілдірудің қосымша құралы болып қала отырып, адамның зияткерлік еңбегін жасанды интеллект толығымен алмастырмайды.

Жасанды интеллект проблематикасы оны заң шығару процесіне оңтайлы енгізу үшін одан әрі зерттеуді қажет етеді. ЖИ жауапты және әдепті түрде әзірленуін және пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін сапалы құқықтық база талап етіледі. Жасанды интеллект саласында жұмыс істейтін субъектілер осы құқықтық қатынастарды реттеудің заңдық нюанстары туралы хабардар болуы қажет. Заң шығарушы тиісті заңдық жауапкершілікті белгілеу жолымен олардың белгіленген талаптарды сақтауын қамтамасыз етуге міндетті.

Жасанды интеллектті заң шығару қызметіне енгізу – құқықтық жүйені жетілдірудің және заманауи сын-қатерлерге жауап берудің маңызды бағыты. Бұл технология заң жобаларын әзірлеуде жүйелілікті қамтамасыз етіп, құқықтық нормалардың дәлдігін арттыруға, қайшылықтар мен қателіктерді азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ЖИ-ді қолдану заң шығару қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруда, сондай-ақ қоғамдық сұраныстарға уақтылы ден қоюда үлкен рөл атқарады.

Алайда, жасанды интеллекттің құқықтық ортаға енгізілуі белгілі бір тәуекелдермен және этикалық, құқықтық мәселелермен қатар жүреді. Сондықтан Қазақстан үшін бұл үдерісте шетелдік тәжірибені ескеріп, заңнамалық, институционалдық негіздерді қалыптастыру – алдағы міндеттердің бірі болып табылады. Осы бағытта жүргізілетін ғылыми зерттеулер мен практикалық қадамдар отандық заң шығару жүйесін заманауи деңгейге көтеруге септігін тигізбек.

Қазір ЖИ пайдалану одан әрі кеңеюі мен дамитынын батыл болжауға болады, сондықтан моральдық-этикалық пайымдардың осы процеспен бірге жүруі және осы технологияның біздің қоғам мен мемлекеттің игілігі үшін әзірленіп, пайдаланылатынына заңды кепілдіктер белгіленуі маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер көздері

1.**А.Н. Аверкин, М.Г. Гаазе-Рапопорт, Д.А. Поспелов** Жасанды интеллект бойынша түсіндірме сөздігі. - М.: Радио және байланыс, 1992. - 256 с.

2.**В.Б.Науымов, Г.Г. Камалова** Жасанды интеллект саласындағы заңдық дефинацияларды құру мәселелері//РҒА Мемлекет және құқық институтының еңбектері/Proceedings of the Institute of State and Law of the RAS. 2020. Т. 15. № 1. 81-93 С. DOI:10.35427/2073-4522-2020-15-1-naumov-kamalova

3.**И.В. Понкин, А.И. Редькина** Құқық тұрғысынан жасанды интеллект//Ресей халықтар достығы университетінің хабаршысы. Орт.: Заң ғылымдары. - 2018.- Т. 22. - № 1. - 91-109 С.

4.**Сарпеков Р.К.** Құқықтық кеңістікті цифрландыру // ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институтының жаршысы. 2020.№3.С.12-24. https://vestnik.zqai.kz/index.php/vestnik/article/view/149.

5.**Ж.У. Тлембаева** Жасанды интеллектті құқықтық реттеудің кейбір тәсілдері туралы//ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институтының жаршысы. 2021. № 65. Т.2. 61-74 С. https://doi.org/10.52026/2788-5291_2021_65_2_61.

Авторлар туралы мәлімет

Қалжан Жұлдыз Ғалымжанқызы *— ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының магистранты, әділет аға лейтенанты, zhuldizkalzhanova@mail.ru.*

Қалжан Жұлдыз Ғалымжанқызы *— магистрант Костанайской академии МВД РК им.Ш.Кабылбаева, старший лейтенант полиции.*

Kalzhan Zhyldyz Galymzhanqyzy *— master's student Kostanay Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after Sh.Kabylbayev, Senior Lieutenant of Justice.*

Муканов Малик Рсбаевич *— Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясының жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің бастығы, (PhD) философия докторы, қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі alik8385@mail.ru.*

Муканов Малик Рсбаевич *— начальник факультета послевузовского образования Академии управления Министерства внутренних дел Республики Казахстан, доктор философии (PhD), ассоциированный профессор (доцент), полковник полиции.*

Mukanov Malik Rysbaevich *— head of the Faculty of Postgraduate Education of the Academy of Management of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, PhDr, Associate (Professor), Colonel of Police.*

Д.А БАКТИЯРОВА
Қазақстан Республикасы ІІМ Қарағанды академиясы
Қарағанды қаласы, Қазақстан

АДАМ САУДАСЫ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК: ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ АЯСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Мақалада адам саудасы үшін қылмыстық жауапкершілік мәселесі ұлттық заңнама және халықаралық құқықтық стандарттар тұрғысынан жан-жақты талданады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 128-бабындағы норманың диспозициялық құрылымы, құрам элементтері мен саралау практикасы зерттеледі.

Автор Палермолық хаттама мен ЕО 2011/36/EU директивасымен салыстыра отырып, адам саудасының құқықтық анықтамасы мен құрбандардың мәртебесіне қатысты айырмашылықтарды көрсетеді. ҚР заңнамасындағы олқылықтар мен құқық қолдану тәжірибесіндегі қиындықтар нақты мысалдармен сипатталады. Қылмыстық заңнаманы жетілдіру, құрбандарды қорғау механизмдерін күшейту және халықаралық стандарттарға сәйкестендіру бойынша ұсыныстар беріледі. Мақалада қазақстандық (А.Ж. Айтпаева) және шетелдік (Л. Шелли, А.И. Долгова) ғалымдардың көзқарастары талданып, адам саудасына қарсы тұрудың тұжырымдамалық және құқықтық негіздері ұсынылған.

Түйінді сөздер: *адам саудасы, қылмыстық құқық, қылмыстық жауапкершілік, ҚР ҚК 128-бабы, Палермолық хаттама, құрбандарды қорғау, халықаралық құқық, директива 2011/36/EU, саралау практикасы.*

Уголовная ответственность за торговлю людьми: актуальные проблемы в контексте национального законодательства и международной практики

В статье рассматриваются теоретические и прикладные аспекты уголовной ответственности за торговлю людьми в Республике Казахстан в сопоставлении с международными стандартами. Анализируется структура диспозиции статьи 128 УК РК, состав преступления и особенности квалификации.

Автор отмечает различия между национальным и международным правовым определением торговли людьми, включая положения Палермского протокола и Директивы ЕС 2011/36/EU. На основе анализа

правоприменительной практики выявлены пробелы и сложности при доказывании преступлений. Предложены меры по совершенствованию уголовного законодательства, защите жертв и усилению институционального взаимодействия. Статья включает мнения казахстанских (А.Ж. Айтпаева) и зарубежных (Л. Шелли, А.И. Долгова) ученых и направлена на формирование комплексного подхода к борьбе с торговлей людьми на основе международных правовых норм и стандартов.

Ключевые слова: *торговля людьми, уголовное право, уголовная ответственность, статья 128 УК РК, Палермский протокол, защита жертв, международное право, Директива 2011/36/EU, квалификация преступлений.*

Criminal liability for human trafficking: current issues in the context of national legislation and international practice

This article examines the issue of criminal liability for human trafficking under Kazakhstan's national legislation in comparison with international legal standards. It analyzes the legal structure and qualification criteria of Article 128 of the Criminal Code of Kazakhstan.

The author highlights differences in the legal definitions of human trafficking under national law, the UN Palermo Protocol, and the EU Directive 2011/36/EU, particularly in relation to the status and protection of victims. Legal gaps and challenges in law enforcement practice are addressed through examples. The paper provides recommendations for improving criminal legislation, aligning it with international norms, and strengthening mechanisms for victim support. It incorporates the views of Kazakh (A.Zh. Aitpaeva) and foreign scholars (L. Shelley, A.I. Dolgova), and proposes a comprehensive legal framework to combat human trafficking effectively.

Keywords: *human trafficking, criminal law, criminal liability, Article 128 CC of Kazakhstan, Palermo Protocol, victim protection, international standards, EU Directive 2011/36/EU, legal qualification.*

Кіріспе

Адам саудасы – бұл адам құқықтары мен бостандықтарына тікелей нұқсан келтіретін, жаһандық деңгейде кең таралған әрі трансұлттық сипат алған ауыр қылмыс. Ол қазіргі заманда *құлдықтың жаңартылған формасы* ретінде танылып, әлемнің көптеген елдері үшін өзекті әрі күрделі мәселе болып отыр. **Біріккен Ұлттар Ұйымының** мәліметтеріне сүйенсек, адам саудасының құрбандарының шамамен **70%-ын әйелдер мен қыз балалар**, ал **әрбір үшіншісін кәмелетке толмағандар** құрайды [1]. Бұл көрсеткіштер халықаралық қоғамдастықтың адам саудасының ауқымы мен салдарын қайта қарауға, оған қарсы жүйелі әрі кешенді шаралар қабылдауға бағытталған үндеуінің орынды екенін дәлелдейді.

Қазақстан Республикасы бұл қауіптің шетінде емес. Елдің географиялық және экономикалық орналасуы, миграциялық процестерге қатыстылығы оны **шығу, транзит және межелі ел** ретінде сипаттауға негіз береді. Ресми статистикаға сәйкес, елімізде адам саудасына байланысты жыл сайын **100-ден астам қылмыстық іс** тіркеледі. Алайда, **сарапшылардың пікірінше**, нақты жағдай бұдан әлдеқайда күрделі, себебі адам саудасының көп бөлігі **латентті** сипатқа ие. Құрбандардың қорқыныш, әлеуметтік қысым, құқықтық сауатсыздық немесе мемлекет құрылымдарына сенімсіздігі салдарынан көптеген фактілер *криминалдық статистикадан тыс қалып жатады* [1].

Бұл қылмыс **ұйымдасқан сипатқа ие, трансұлттық деңгейде жүзеге асырылады**, және көбінесе әлсіз әлеуметтік қорғаны бар тұлғаларға бағытталады. Осыған байланысты адам саудасымен тиімді күресу – тек ұлттық қылмыстық заңнаманы жетілдірумен шектелмей, сонымен қатар **халықаралық әріптестік, құқық қорғау органдарының үйлестірілген іс-қимылы және құрбандарды қорғау жүйесін нығайту** секілді шаралар кешенін қажет етеді [1].

Американдық ғалым Л. Шелли бұл құбылысты *«XXI ғасырдағы анықтаушы қауіптердің бірі»* ретінде сипаттап, оның әлеуметтік құрылымдарға, заң үстемдігіне және адамгершілік құндылықтарға ұзақмерзімді теріс әсерін атап көрсетеді. Оның айтуынша, адам саудасы – *жаһандық ұйымдасқан қылмыс жүйесінің ең табысты әрі қауіпті сегменті* болып табылады, және мемлекеттер арасындағы бәсекелестік жағдайында оның тиімді түрде жолын кесу үшін **біріктірілген халықаралық құқықтық механизмдер қажет** [2].

Осы қауіптің өзектілігін түсіне отырып, Қазақстан Республикасы соңғы жылдары бірқатар заңнамалық және институционалдық шаралар қабылдады. **Қылмыстық кодекстің 128-бабы** шеңберінде адам саудасы үшін қылмыстық жауапкершілік белгіленіп, бұл норманың диспозициясы жетілдірілді, жаза түрлері қатаңдатылды. Сонымен қатар, **ведомствоаралық комиссиялар**, **адам саудасына қарсы күрес бөлімшелері**, **құрбандарды оңалту орталықтары** құрылысы да жүзеге асуда. 2023 жылы алғаш рет **«Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» жеке заң** қабылдау бастамасы ұсынылып, бұл мәселе мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде ресми танылды [1].

Осы ғылыми мақалада Қазақстан Республикасының ұлттық қылмыстық заңнамасында адам саудасына қарсы көзделген жауаптылықтың қазіргі жағдайы, оны құқық қолдану тәжірибесіндегі көріністері, халықаралық-құқықтық құжаттармен (Палермолық хаттама, ЕО директивасы 2011/36/EU) арақатынасы және нормативтік жетілдіру бағыттары қарастырылады. Талдау барысында **қазақстандық және шетелдік ғалымдардың пікірлері**, **құқық қолдану практикасы**, сондай-ақ **превенция, қорғау, саралау және жазалау мәселелерінің теориялық және тәжірибелік аспектілері** сараланады. Бұл зерттеу адам саудасына қарсы құқықтық саясаттың жүйелілігін қамтамасыз етуге арналған тұжырымдамалық ұсыныстарды қалыптастыруға бағытталады.

Негізгі бөлім

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 128-бабы адам саудасы үшін жауаптылықты белгілейді. Қолданыстағы редакция бойынша, *«адам саудасы»* деп адамды сатып алу–сату немесе өзгедей мәмілелер жасау, сол сияқты оны эксплуатациялау (пайдалану) не вербовка, тасымалдау, тапсыру, жасыру жолымен немесе қанау мақсатында өзге де әрекеттер жасау танылады [3]. Мұнда адамды тауар ретінде сатып алу немесе сату фактісі қылмыстың мәні ретінде алғаш рет заң жүзінде бекітілген. Қылмыстық кодекстің 3-бабына сәйкес *«адамды эксплуатациялау»* ұғымы жәбірленушіні жезөкшелікке немесе сексуалдық құлдыққа салуды, еріксіз еңбекке тартуды, құлдыққа ұқсас жағдайларда ұстап тұруды, бас бостандығынан заңсыз айыруды, сондай-ақ адамның органдарын алу әрекеттерін қамтиды. ҚР ҚК 128-бабының санкциялары ауыр: негізгі құрам бойынша 4 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру (мүлкін тәркілеумен), ауырлататын түрлеріне қарай 7 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген [3]. 2015 жылы жаңа Қылмыстық кодекс қабылданғанда 18 жасқа толмағандарды саудалау жеке 133-бап болып бөлініп (бұрынғы редакцияда 128-баптың бөлігі еді), кәмелетке толмағандарға қатысты саудалау қатаңырақ жазаланатын болды.

Халықаралық құқықтық негіздерге сүйенсек, Қазақстан 2008 жылы БҰҰ-ның Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын (2000) және оған қосымша Палермо хаттамасын (2000) ратификациялады [4] [5]. Палермолық хаттамада адам саудасының классикалық анықтамасы берілген: *адамдарды эксплуатациялау мақсатында вербовкалау, тасымалдау, беру, жасыру немесе алу, күш қолдану немесе алдау, бопсалау, осал жағдайын пайдалану сияқты әдістер арқылы жүзеге асырылған іс-әрекеттер* [5]. Бұл анықтамада *«сатып алу-сату немесе өзге мәміле»* деген сөздер кездеспейді, өйткені халықаралық тұрғыда адам саудасының мәні кеңірек – кез келген жолмен адамның еркіндігіне қол сұғып, пайдалану болып табылады [6]. Қазақстан заңшығарушысы 128-баптың диспозициясына «адамды сатып алу-сату және өзге мәмілелер» түсінігін енгізу арқылы *қылмыстың затын* айқындауды көздеген. Ғалымдар бұл норма сауда элементін айқындап, қылмыстың әлеуметтік мәнін дұрыс ашуға көмектеседі деп есептейді [6]. Дегенмен, 128-баптың мәтінінде кейбір *терминологиялық олқылықтар* бар екені байқалады [6]. Мәселен, бапта адам саудасының әдіс-тәсілдері тікелей көрсетілмеген – күш қолдану, қорқыту, алдау, билікті немесе осалдықты теріс пайдалану сияқты әдістер негізгі құрамда жоқ. Олар тек ауырлататын мән-жайлар қатарында (мысалы, 128-бап 2-бөлімінің «в» тармағында – *өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдану*, «г» тармағында – *қару қолдану* және т.б.) қарастырылған [7]. Бұл өз кезегінде, «құлдыққа түсіру мақсатында ешбір күш қолданбай, алдап немесе арбай отырып адамды еркінен айыру әрекеті негізгі құрамға сәйкес келмей қалуы мүмкін бе?» деген сұрақ тудырады. Қылмыстық құқық теориясында бұл мәселе талқылануда: кейбір ғалымдар мәжбүрлеу

әдістерінің жоқтығы адам саудасының құрамын жоққа шығармайды десе, енді бір пікірлер Кодекстегі анықтаманы толықтыруды ұсынады [6][8]. Қазақ заң ғылымында А.Ж. Айтпаева осы норманың түсінігін халықаралық талаптармен үйлестіру үшін «адамды эксплуатациялау мақсаты» барлық әрекеттерге ортақ қажетті белгі екенін заң мәтінінде айқын көрсету қажет деп санайды [9].

Еуропалық Одақтың 2011/36/EU директивасы адам саудасына қарсы қылмыстық саясаттың озық үлгісі болып табылады [6]. Аталған директиваға сәйкес, мемлекеттер адам саудасының барлық нысандарын қылмыстық жазалауды, құрбандардың құқықтарын қорғауды және оларға көмек көрсетуді, сондай-ақ адам саудасына қарсы ұлттық үйлестіруші органдар құруды міндетті. Директиваның жаңашыл аспектілерінің бірі – құрбандарды қудалауға жол бермеу қағидасы (яғни, адам саудасының құрбаны мәжбүрлі түрде жасаған құқық бұзушылығы үшін жауаптылыққа тартылмауы тиіс) және қылмыс нәтижесінде көрсетілетін қызметті қасақана пайдаланатын тұлғаларды жазалау шаралары. Қазақстанның ұлттық заңнамасында бұл қағидалар толықтай көрініс тапқан деп айту қиын. Мысалы, Қазақстанда жезөкшелік қызметін пайдаланушылар немесе еріксіз еңбек күшін пайдаланып отырған жұмыс берушілер үшін арнайы қылмыстық жаза көзделмеген. Сонымен бірге, 128-баптың өзі қылмысқа сыбайлас қатысушыларды (көмектесуші, айдап салушы) немесе әрекетке оқталуды жеке құрам ретінде бөлмейді – олар жалпы тәртіпте қылмыстық құқықтың қатар нормалары бойынша жауап береді.

Айта кету керек, Қазақстан 2023 жылы адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы жеке заң қабылдауға кірісті [1]. Бұл заң адам саудасының алдын алу, құрбандарды қорғау, ведомстволық өзара іс-қимыл және халықаралық ынтымақтастық мәселелерін кешенді түрде қамтымақ. Осылайша, ұлттық құқықтық база біртіндеп халықаралық тәжірибеге жақындап, тек қылмыстық репрессия тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге превенция және қорғау тұрғысынан да жетілдірілуде.

Саралау тәжірибесі

Адам саудасы үшін қылмыстық-құқықтық саралау тәжірибесінде бірқатар өзекті мәселелер бар. Ең алдымен, құқық қолданушылар адам саудасын ұқсас қылмыстардан дұрыс ажыратуы тиіс. 2012 жылы ҚР Жоғарғы Соты *«Адам саудасы үшін жауаптылық көзделген заңнаманы қолдану практикасы туралы»* №7 Нормативтік қаулы қабылдап, соттарға бірнеше түсіндірме берген. Атап айтқанда, адам саудасы мен адамдарды заңсыз тасымалдау (контрабанда) қылмыстарын шатастырмау қажеттігі көрсетілді. Егер шетелдік азаматты тек материалдық пайда үшін шекарадан жасырын алып өту жүзеге асса, бұл адам саудасы емес, көші-қонды заңсыз ұйымдастыру ретінде сарапануы керек. Ал адамды кейін пайдалану мақсатында елден әкету немесе әкелу адам саудасына жатады [7]. Сондай-ақ, адам саудасы кей жағдайда адам ұрлау (125-бап) немесе бостандықты заңсыз шектеу (126-бап) құрамдарымен де қабаттасуы мүмкін. Сот практикасы көрсеткендей, тергеу органдары кейде адам саудасын дәлелдеу қиын деп, істі

жеңілдетіп *«адам ұрлау»* бабымен жіберген жағдайлар кездескен. Мұндай қателіктерді болдырмау үшін қылмысты саралаудың барлық белгілерін мұқият талдау қажет. Мысалы, адам ұрлау көбіне жәбірленушіні тұтқынға алу, талап қою мақсатында жасалады, ал адам саудасында басты мақсат – пайдалану арқылы пайда табу, әрі ол көп ретте қылмыстық топпен, трансұлттық сипатта жасалады.

Саралау тәжірибесінің тағы бір аспектісі – қылмысқа қатысушылар мен ауырлататын мән-жайларды дәл айқындау. ҚР ҚК 128-бабы бірнеше ауырлататын құрамдарды қамтиды: адамдар тобының алдын ала сөз байласуы (2-бөлім 1-тармақша), қызмет бабын пайдалану, екі немесе одан көп адамға қатысты жасау, өмірге қауіпті күш қолдану, қару қолдану (2-бөлім 2-5-тармақшалар), сондай-ақ *трансұлттық ұйымдасқан топпен жасау* (3-бөлім) және *салдарынан жәбірленушінің өліміне әкеп соққан* ерекше ауыр түрі (4-бөлім). Жоғарғы Соттың түсіндірмесіне сәйкес, егер қылмыс *ұйымдасқан топпен* жасалса, оны қарапайым адамдар тобы жасаған жағдайдан ажырату керек, себебі ұйымдасқан топ құрамы дәлелденсе, жазаның мерзімі едәуір жоғары болады [7]. Практикада осындай саралауда қателіктер жіберілмеуі үшін әр істегі айғақтар мұқият бағалануға тиісті.

Қазақстанда қылмыстық қудалау тәжірибесінде адам саудасына байланысты істердің саны айтарлықтай көп емес. Мәселен, 2016–2018 жылдары ішкі істер органдары жалпы 925 іс қозғағанымен, оның ішінде адам саудасы (128-бап) бойынша небәрі 70 іс тіркелген, ал көптеген істер қосымша құрамдар – жезөкшелікке тарту, притон ұйымдастыру, кәмелетке толмағандарды жезөкшелікке пайдалану сынды баптар бойынша қаралған [1]. Бұл дерек қылмыстарды саралаудың өзектілігін көрсетеді: кей жағдайда адам саудасының әрбір элементін дәлелдеудің орнына тергеушілер неғұрлым «түсінікті» құрамдарды таңдаған. Мұндай тәжірибе, әрине, *құрбандардың құқығын толық қорғауға мүмкіндік бермеуі* мүмкін. Г.А. Аванесовтың пайымдауынша, адам саудасы қылмысын әшкерелеу қиын әрі латенттілігі жоғары, сондықтан құқық қорғау органдары тергеу барысында жан-жақты дәлел жинау және құрбандармен жұмыс істеу әдістерін жетілдіруі тиіс [10]. Ал ресейлік криминолог *А.И. Долгованың айтуынша*, адам саудасына қарсы күресте халықаралық ынтымақтастық пен ақпарат алмасу шешуші рөл атқарады, өйткені көп жағдайда құрбандар шетелге шығарылатын немесе шетелден әкелінетін болғандықтан, бір мемлекет шеңберінде тиімді тергеу жүргізу қиын [11].

Тағы бір өзекті мәселе – құрбандарды анықтау және қорғау тәжірибесі. ҚР Ішкі істер министрлігінің дерегінше, көптеген құрбандар анықталмай қалады, әсіресе еңбек қанауы мақсатындағы адам саудасында. Құрбандардың көбі – әлеуметтік жағдайы төмен, құқықтық сауаттылығы аз азаматтар (жұмыссыздар, еңбек мигранттары, тұрғылықты құжаты жоқ адамдар) [1]. Мұндай жандар өздерінің қылмыс құрбаны екенін түсінбеуі немесе дәлелдей алмауы да мүмкін. Л. Шеллидің зерттеулерінде көрсетілгендей, қазіргі заманғы адам саудасы криминалдық желілер арқылы жасырын әрекет етеді

және құрбандарды үрейде ұстаудың түрлі тәсілдерін қолданады (қорқыту, қарызға батырту, тілдік тосқауыл және т.б.), сол себепті оларды анықтау – құқық қорғау жүйесі үшін үлкен сынақ [2]. Қазақстанда соңғы жылдары бұл бағытта оң қадамдар бар: ҮЕҰ-дармен серіктестікте арнаулы баспаналар ашылып, полиция мен әлеуметтік қызметкерлерге арналған тренингтер өткізілуде [1]. Дегенмен, адам саудасы құрбандарына арналған кешенді көмек көрсету жүйесі әлі де қалыптасу үстінде. Мысалы, елімізде шетелдік еңбек мигранттары егер адам саудасының құрбанына айналса, заңды әлеуметтік көмек алу құқығына ие емес, бұл да тәжірибеде қиындық тудырады [1].

Ұсыныстар

Адам саудасына қарсы қылмыстық-құқықтық саясатты жетілдіру мақсатында мынадай ұсыныстар туындайды:

Біріншіден, 128-баптың диспозициясын нақтылау және толықтыру қажет. Заңнамадағы анықтаманы халықаралық стандарттарға сәйкестендіру үшін, *адам саудасының әдістері мен тәсілдерін* негізгі құрам мәтінінде көрсету орынды. Яғни, *«адам саудасы»* түсінігіне алдау, қорқыту, күш қолдану немесе дәрменсіз жағдайын пайдалану арқылы жасалатын әрекеттер жататынын заң тұрғысында бекіту ұсынылады. Бұл өзгеріс тергеу және сот практикасында қылмыс құрамын дәлме-дәл саралауға көмектеседі. Сонымен қатар, ҚК 3-бабындағы «адамды пайдалану (эксплуатация)» ұғымының анықтамасын кеңейтіп, оған *құрбандардың еркін басатын ең көп тараған әдістерді* (зорлық, қарызға кіріндіру, психологиялық қысым, т.б.) кірістіру керек деген ойды қазақстандық заңгерлер Б.Ж.Қыздарбекова мен Ә.Қ.Оразбекова алға тартады [8].

Екіншіден, құрбандардың құқықтарын қорғау кепілдіктерін нығайту қажет. Халықаралық тәжірибеге сай, құрбан мәжбүрлі жағдайда жасаған құқық бұзушылықтары үшін қылмыстық жауапқа тартылмауы тиіс деген принципті заңнамалық деңгейде енгізу орынды болады (мысалы, адам саудасының құрбаны болған шетел азаматының виза режимін бұзуы немесе жезөкшелікпен айналысуы үшін жазаламау). Сонымен бірге, құрбандарға мемлекеттік қорғау және өтемақы қоры жүйесін қалыптастыру да маңызды. Қазақстанда қылмыстық процесте жәбірленушілерге келтірілген залалды өндіру тетіктерін жеңілдету, сондай-ақ арнаулы әлеуметтік қызметтерді шетел азаматтары-құрбандарға да қолжетімді ету туралы нормаларды қабылдау қажет [1].

Үшіншіден, адам саудасына байланысты жанама қылмыстарды жүйелі түрде қайта қарастыру ұсынылады. Мысалы, ЕО Директивасының талабы бойынша адам саудасы құрбандарының еңбегін қасақана пайдаланатын жұмыс берушілерді немесе жезөкшелік қызметін пайдаланушыларды жауапқа тарту мүмкіндігін қарастыру керек [6]. Қазіргі кезде ҚР ҚК-те мұндай арнайы құрам жоқ; оны енгізу адам саудасының сұраныс жағын азайтуға ықпал етер еді. Сондай-ақ, ҚК 128-бабын ел ішінде жасалған және шетелге шығарылған әрекеттерге бөліп-жарып қолданудың қажеті шамалы, өйткені *адам саудасы* ішкі де, сыртқы да болуы мүмкін; заң техникасы тұрғысынан 3-

бөлімдегі «Қазақстан Республикасы шегінен тыс немесе шегінде адамдарды тасымалдау» деген белгі қылмыстың ауырлығына түбегейлі әсер етпеуі тиіс. Сондықтан саралаушы белгі ретінде *«трансұлттық сипат»* ұғымын қолдану ұсынылады, бұл қылмыстық топтың халықаралық байланыста әрекет етуін сипаттайды.

Төртіншіден, құқық қорғау органдарының мамандануын және халықаралық ықпалдастығын арттыру керек. Бұл ретте, *адам саудасына қарсы күрес жөніндегі ұлттық үйлестіруші органды* (мысалы, ІІМ құрылымында) нақтылау және оның өкілеттіктерін заңмен бекіту маңызды. Интерпол, ТМД елдерінің құқық қорғау органдары арасындағы ақпарат алмасуды жандандыру, бірлескен тергеу топтарын құру тәжірибесін дамыту қажет. Ғалым А.И.Долгова атап өткендей, трансұлттық қылмысқа қарсы тұру тек бірлескен шаралар арқылы мүмкін, сондықтан Қазақстан шет мемлекеттердің уәкілетті органдарымен тергеу, экстрадиция және құқықтық көмек көрсету саласындағы шарттарын кеңейте беруі тиіс [11]. Сонымен қатар, қоғамдық сананы көтеру және профилактика бағытына ерекше көңіл бөлген жөн. А.Ж.Айтпаеваның пікірінше, адам саудасының алдын алу үшін халықтың құқықтық сауатын арттыру, еңбек мигранттарын *«көлеңкелі»* аймақтан шығару және осал топтарға экономикалық қолдау көрсету кешенді түрде іске асуы қажет [9]. Яғни, қылмыстық-құқықтық шаралар әлеуметтік-экономикалық, ақпараттық жұмыстармен толықтырылғанда ғана нәтижелі болмақ.

Қорытынды

Қорыта келгенде, адам саудасы үшін қылмыстық жауапкершілік мәселесі қазіргі таңда ұлттық және халықаралық деңгейде құқықтық, әлеуметтік және саяси маңызды мәселелердің бірі ретінде ерекше назарда тұр. Бұл қылмыстың адам құқығына қарсы бағытталуы, трансұлттық сипаты және латенттік деңгейінің жоғарылығы онымен күрес саласындағы заңнамалық және құқық қолдану шараларының жүйелі болуын талап етеді.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы соңғы жылдары адам саудасына қарсы іс-қимылды күшейту бағытында бірқатар ілгерілеуші қадамдар жасады: Қылмыстық кодекске 128-баптың енгізілуі және оның диспозициясының жетілдірілуі, жаза түрлерінің қатайтылуы, сонымен бірге Жоғарғы Соттың арнаулы нормативтік қаулысының қабылдануы — осының айқын дәлелі. Алайда аталған шаралар жеткілікті емес екені заң нормаларын және құқық қолдану тәжірибесін талдау барысында анықталды.

Біріншіден, адам саудасына қатысты заңнамалық анықтаманың халықаралық стандарттармен, әсіресе БҰҰ-ның Палермолық хаттамасы мен ЕО-ның 2011/36/EU директивасымен толық сәйкестенбеуі — қылмысты дұрыс саралауға, тергеу мен дәлелдеуге кедергі келтіріп отыр. Екіншіден, жәбірленушілердің құқықтық мәртебесі мен оларды қорғау кепілдіктерінің жеткіліксіздігі адам саудасымен күрестің тиімділігін төмендетеді. Үшіншіден, құқық қорғау органдары арасындағы үйлесімсіздік пен саралаудағы бірізділік тапшылығы тергеу сапасын әлсіретуде.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, адам саудасына қарсы іс-шаралар тек жазалауға емес, оның алдын алуға, құрбандарды қорғауға және қылмыс жағдайын тудыратын әлеуметтік-экономикалық факторларды жоюға да бағытталуы тиіс. Мәселен, Палермолық хаттамадағы «қылмыскерді жазалаудан бұрын құрбанды қорғау» қағидасы Қазақстан үшін де аса өзекті. Себебі құрбанның құқықтық қорғалуы мен әлеуметтік оңалуы — оның қылмыстық әділет жүйесіне сенімін арттырып, тергеу мен сот өндірісінің табысты жүруіне ықпал етеді.

Адам саудасына қарсы күрес сонымен қатар Қазақстанның халықаралық аренадағы беделімен тығыз байланысты. Бұл салада жүргізілетін прогрессивті саясат еліміздің БҰҰ, АҚШ Мемлекеттік департаментінің Trafficking in Persons Report (TIP Report), Еуропалық Одақтың бағалау жүйесі сияқты беделді рейтингтердегі орнын айқындап, адам құқықтарын сақтау деңгейін көрсетеді [1].

Ғалымдар мен практиктердің ортақ пікіріне сүйенсек, адам саудасына қарсы күрестің табысты болуы құқықтық механизмдермен ғана шектелмеуі тиіс. Ол үшін экономикадағы теңсіздікті азайту, әлеуметтік осал топтарға (әйелдер, кәмелетке толмағандар, еңбек мигранттары) қолдау көрсету, азаматтық қоғам институттарының әлеуетін пайдалану, құқық қорғау және сот жүйелерінің адам құқығын сақтау мәдениетін дамыту қажет [9–11].

Адам саудасы — «адамзаттың басынған тағдыры» деп сипатталатын, арнамысты аяққа таптайтын қылмыстардың бірі. Сондықтан онымен күрес те тек мемлекет пен құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның — ғылыми қауымдастықтың, халықаралық ұйымдардың, БАҚ пен ҮЕҰ-ның ортақ міндеті болуы тиіс.

Қазақстан бұл бағытта адам саудасына қарсы құқықтық саясатты жетілдірумен қатар, халықаралық құқықтың қағидаттарына бейімделіп, адам құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық қолсұғушылықтардан қорғау жүйесін нығайта отырып, өркениетті құқықтық мемлекетке тән тұғырын нақтылай түседі деп сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер көзі

1. **Ахмадия О.** Адам саудасы тыйылмай тұр :[елімізде] / **Оралхан Ахмадия** //. Egemen Qazaqstan. – 2022. – 8 қараша (№ 213). – 8 б.
2. **Shelley L.** Human Trafficking: A Global Perspective. – Cambridge: Cambridge University Press, 2010. – 357 p. // https: //www. researchgate. net/ publication/ 251385169_Louise_Shelley_Human_Trafficking_A_Global_Perspective.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілде №226-V ҚРЗ [Электрондық ресурс]. – қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226 – кіру уақыты: 01.05.2025.
4. Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясы (Нью-Йорк, 15 қараша 2000 ж.) [Электрондық ресурс]. – қолжетімділік режимі: https://treaties.un.org/pages/ViewDetails.aspx?src=TREATY&mtdsg_no=XVIII-12&chapter=18 – кіру уақыты: 08.05.2025.

5. Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу және оған қарсы күресу туралы хаттама (Палермо хаттамасы) [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://www.unodc.org/unodc/en/organized-crime/intro/UNTOC.html – кіру уақыты: 12.05.2025.
6. Directive 2011/36/EU of the European Parliament and of the Council of 5 April 2011 on preventing and combating trafficking in human beings and protecting its victims // Official Journal of the EU. – L101. – 2011. – P. 1–11 [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=celex%3A32011L0036 – Кіру уақыты: 15.05.2025.
7. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы №7 Нормативтік қаулысы «Адам саудасы үшін жауаптылықты көздейтін заңнаманы қолдану практикасы туралы» [Электрондық ресурс]. – қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1200000077 – кіру уақыты: 01.06.2025.
8. **Қыздарбекова Б**. Адам саудасына қарсы іс-қимылды қылмыстық-құқықтық қамтамасыз ету мәселесіне [Мәтін] /**Б.Қыздарбекова, А.Оразбекова**// Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының жаршысы. - 2022. - № 3 (70). - 110-118 б. - Библиогр.: 117-118 б.
9. **Ақмарал Ғалымқызы** Адам саудасына байланысты қылмыстар қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Ақпарат көзі, Polisia.kz сайтында: https://polisia.kz/adam-saudasyna-bajlanysty-qylmystar-qylmystyq-zhauapkershilikke-tartylady-2/ //
10. Криминология. учебник / **Аванесов Г.А..** - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Изд-во Акад. МВД СССР, 1984. - 500 с.
11. **Долгова А.И.** Избранные труды / [**сост. В.В. Меркурьев, О.А Евланова, А.С. Васнецова, Д.А. Соколов; вступит. ст. М.П. Клейменова, В.А. Номоконова, Э.Ф. Побегайло, В.Е. Эминова**]; Акад. Ген. прокуратуры Рос. Федерации. – М., 2017. – 424 с. – (Научные труды ученых Академии Генеральной прокуратуры Российской Федерации).

Автор туралы мәлімет

Бактиярова Дана Асланқызы *— Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қарағанды академиясының ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранты, полиция аға лейтенанты., e-mail: maigul.balgozhina@mail.ru.*

Бактиярова Дана Асланкызы *— магистрант научно-педагогического направления Карагандинской академии Министерства внутренних дел Республики Казахстан, старший лейтенант полиции.*

Dana Aslankyzy Baktiyarova *— master's student in the scientific and pedagogical track, Karaganda Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, Senior Police Lieutenant.*

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ

Академия журналына құқықтану, құқық қорғау қызметі, қызметкерлердің кәсіби даярлығының өзекті мәселелері бойынша бұрын басқа басылымдарда жарияланбаған қазақ, орыс және шетел тілдерінде ғылыми мақалалар қабылданады.

Жұмыстың мазмұны ғылыми жаңалықтың, теориялық және практикалық маңыздылықтың, баяндаудың қисынды талаптарын қанағаттандыруы тиіс. Бап құрылымдық жағынан кіріспе бөлікті, проблеманың қойылымын, негізгі бөлігін, тұжырымдарды қамтуға тиіс.

Жариялауға арналған материалдар мынадай талаптарды міндетті түрде сақтай отырып, қағаз және электрондық жеткізгіштерде ұсынылады:

1.ӘОЖ *(әмбебап ондық жіктеуіш)* - жоғарғы сол жақ бұрышында;

2.автордың тегі, аты, әкесінің аты (толық), лауазымы, ғылыми дәрежесі, атағы, жұмыс орны, қаланың, елдің атауы - **3 тілде (мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде);**

3.электрондық пошта мекенжайы және автордың байланыс телефоны;

4.мақаланың атауы - ортасында бас әріптермен - мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде;

5.зерттеудің тақырыбы мен мәнін көрсететін аннотация (80-100 сөз) - **мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде;**

6.кілтті сөздер (мақаланың мазмұнын сипаттайтын және ақпараттық іздестіру мүмкіндігін қамтамасыз ететін атау септігіндегі 8-10 сөз немесе сөз тіркестері) - **мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде;**

7.Word редакторындағы **мәтін,** Times New Roman **қарпі, кегл** 14;

8.беттер саны - аннотацияларды есептемегенде 10-нан 12-ге дейін (А4 форматы);

9.аралық - жалғыз (1,0);

10.абзацтық шегініс - 1,25;

11.жиектер: сол жағынан - 3 см, оң жағынан - 1 см, жоғарғы және төменгі жағынан - 2 см-ден;

12.Сілтемелер - дәйексөз беттері көрсетілген төрт бұрышты жақшадағы мәтін бойынша [1,15].

13.Пайдаланылған әдебиеттер тізімі - құжаттың соңында, мәтінде пайдалану тәртібі бойынша (ГОСТ 7.1-2003 «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар және жасау ережелері»).

Бір нөмірде бір автордың бір ғана мақаласын жариялауға жол беріледі.

Мақала авторлық редакцияда жарияланады. Автор мақаланың түпнұсқалығына және оның мазмұнына, онда келтірілген нақты деректердің, дәйексөздер мен дереккөздердің дәлдігіне дербес жауапты болады.

К НАУЧНЫМ СТАТЬЯМ ПУБЛИКУЕМЫХ В ЖУРНАЛЕ АКАДЕМИИ УПРАВЛЕНИЯ МВД РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Для включения в журнал Академии принимаются научные статьи на казахском, русском и иностранных языках по актуальным проблемам юриспруденции, правоохранительной деятельности, профессиональной подготовки сотрудников, не публиковавшиеся ранее в других изданиях.

Содержание работы должно удовлетворять требованиям научной новизны, теоретической и практической значимости, логичности изложения. Статья структурно должна включать вводную часть, постановку проблемы, основную часть, выводы.

Материалы для опубликования предоставляются на бумажном и электронном носителях с обязательным соблюдением следующих требований:

1. УДК *(универсальный десятичный классификатор*) - в левом верхнем углу;

2. фамилия, имя, отчество автора **(полностью),** должность, ученая степень, звание, место работы, название города, страны — **на 3-х языках (государственном, русском и английском языках);**

3. электронной адрес почты и контактный телефон автора;

4. название статьи—по центру прописными буквами **— на государственном, русском и английском языках**;

5. аннотация (80-100 слов), отражающая тему и предмет исследования, **— на государственном, русском и английском языках**;

6. ключевые слова (8-10 слов или словосочетаний в именительном падеже, характеризующие содержание статьи и обеспечивающие возможность информационного поиска) **— на государственном, русском и английском языках;**

7. текст в редакторе Word, шрифт Times New Roman, кегль 14;

8. количество страниц — **от 10 – до 12** (формат А4), не считая аннотации;

9. интервал—одинарный (1,0);

10. абзацный отступ—1,25;

11. поля: слева—3 см, справа—1 см, верхнее и нижнее — по 2 см;

12. сноски—по тексту в квадратных скобках с указанием цитируемых страниц [1,15].

13. Список использованной литературы — в конце документа, по порядку использования в тексте (оформляется в соответствии с ГОСТ 7.1—2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления»).

В одном номере допускается публикация только одной статьи одного автора.

Статья публикуется в авторской редакции. Автор несет персональную ответственность за оригинальность статьи и ее содержание, точность приведенных в ней фактических данных, цитат и источников.

ACADEMY OF MANAGEMENT OF THE MINISTRY OF INTERNAL AFFAIRS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

For inclusion in the journal of the Academy, scientific articles are accepted in Kazakh, Russian and foreign languages on topical issues of jurisprudence, law enforcement, professional training of employees, not previously published in other publications.

The content of the work must meet the requirements of scientific novelty, theoretical and practical significance, logical presentation. The article should structurally include an introductory part, a statement of the problem, the main part, conclusions.

Materials for publication are provided on paper and electronic media with mandatory compliance with the following requirements:

1. UDC (universal decimal classifier) - in the upper left corner;

2. Surname, name, patronymic of the author (in full), position, academic degree, title, place of work, name of the city, country - in 3 languages (state, Russian and English);

3. E-mail address and contact phone number of the author;

4. The title of the article - in the center in capital letters - in the state, Russian and English languages;

5. Abstract (80-100 words), reflecting the topic and subject of research - in the state, Russian and English languages;

6. Keywords (8-10 words or phrases in the nominative case, characterizing the content of the article and providing the possibility of information search) - in the state, Russian and English languages;

7. Text in Word editor, font Times New Roman, size 14;

8. Number of pages - from 10 to 12 (A4 format), excluding annotations;

9. interval - single (1.0);

10. absolute indentation - 1.25;

11. Fields: on the left - 3 cm, on the right - 1 cm, upper and lower - 2 cm each;

12. Footnotes - according to the text in square brackets indicating the cited pages [1,15].

13. List of used literature - at the end of the document, according to the order of use in the text **(issued in accordance with GOST 7.1-2003 «Bibliographic record. Bibliographic description. General requirements and rules of compilation»).**

Only one article of one author can be published in one issue.

The article is published in the author's edition. The author is personally responsible for the originality of the article and its content, the accuracy of the factual data, quotes and sources provided in it.